

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының қаулылары.....2	Постановления судебной коллегии по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан2
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының қаулылары.....32	Постановления судебной коллегии по гражданским делам Верховного Суда Республики Казахстан32
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының қаулылары.....51	Постановления судебной коллегии по административным делам Верховного Суда Республики Казахстан51
Сот орындаушыларының шешімдерін, әрекеттерін (әрекетсіздігін) даулау туралы әкімшілік істерді қараудың сот практикасын талдау.....62	Анализ судебной практики рассмотрения административных дел об оспаривании решений, действий (бездействия) судебных исполнителей 62

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер
жөніндегі сот алқасының қаулыларынан үзінділер**

**Извлечения из постановлений судебной коллегии
по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан**

Үкімнің заңдылығы мен негізділігі

**Сотталушының қылмыстық іс-әрекеттері
ҚК-нің 194-бабының бірінші бөлігімен және
106-бабының үшінші бөлігімен дұрыс сараланған**

2023 жылғы 16 мамыр

№ 2уп-127-23

Алматы облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының 2022 жылғы 4 қазандағы үкімімен:

С. бұрын сотталмаған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚК) 194-бабының бірінші бөлігімен 2 жылға бас бостандығын шектеуге сотталған.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» 2021 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес жазадан босатылған;

- ҚК-нің 106-бабының үшінші бөлігімен 8 жылға бас бостандығынан айыруға сотталып, жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде өтеу белгіленген.

Жазасын өтеу мерзімі үкім заңды күшіне енген күннен бастап есептелген.

ҚК-нің 62-бабы үшінші бөлігінің 2) тармағына сай, 2021 жылғы 29 наурыздан бастап 1 сәуір аралығында және 2021 жылғы 28 желтоқсаннан бастап үкім заңды күшіне енгенге дейін күзетпен ұстауда отырған бір күні қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеудің бір жарым күні есебімен жаза өтеу мерзіміне есептелген.

С.-дан мемлекет пайдасына 38 050 теңге процестік шығындар мен 6 532 теңге баж салығы, жәбірленуші А.-ның пайдасына 5 000 000 теңге моральдық зиян, 500 000 теңге материалдық залал мен 100 000 теңге өкілдің көмегіне төленген шығын және Қазақстан Республикасының

Жәбірленушілерге өтемақы төлеу қорына 58 340 теңге мәжбүрлі төлем өндірілген.

Іс бойынша заттай дәлелдемелер мәселесі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 118-бабында белгіленген тәртіппен шешілген.

Сот үкімімен С. жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіру арқылы абайсызда оның өліміне әкеп соққан іс-әрекеті және күш қолданамын деп бөтеннің мүлкін талап еткені үшін кінәлі деп танылған.

Алматы облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 21 желтоқсандағы қаулысымен сот үкімі өзгертілген.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» 2021 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын қолдану алып тасталған.

С. ҚК-нің 194-бабының бірінші бөлігімен 2 жылға бас бостандығын шектеуге сотталған деп саналған.

Ол ҚК-нің 58-бабының үшінші бөлігі негізінде түпкілікті 8 жылға бас бостандығынан айыруға, жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде өтеуге сотталған.

Үкімнің қалған бөлігі өзгеріссіз қалдырылған.

Бірінші сатыдағы сот іс бойынша заң талаптарын сақтай отырып, сот тергеуін жан-жақты жүргізіп, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы жинақтаған және сот отырысында тікелей зерттеліп, объективті бағаланған, дәйектілігі жағынан күмән келтірмейтін дәлелдемелер жиынтығын негізге алып, С. үкімде сипатталған қылмыстық іс-әрекеттерді жасағаны үшін кінәлі деп дұрыс тұжырым жасаған.

Басты сот талқылауында нақты анықталғандай, С. 2021 жылғы 10 қаңтарда достары М., Т. үшеуі Б.-мен сөйлеспекші болып оқиға орнына бірге барған кезде соңғының жанында достары М., Д., О. және Қ. болған. Оқиға барысында С. кәмелетке толмаған Қ.-ның ішінен жұдырықпен ұрған кезде соңғы жерге құлап, өзін ұрмауын сұраған. Сол сәтте С. оның басынан қыстық спорттық аяқ киімімен қасақана қатты тепкен.

Осы анықталған мән-жайлар жәбірленушілер Б., О., Д.-лардың жауаптарымен, беттестіру хаттамаларымен, сарапшы А.-ның жауабымен бекітілген.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында және сотта оқиға орнында болған жәбірленушілер Б., О. және Д. өздерінің біркелкі айғақтарында сотталған С. жәбірленуші Қ.-ның басынан спорттық аяқ киімімен тепкенін және кейінгі күндері Қ. басынан соққы алғаннан бастап басы ауырып жүргені туралы шағым айтқанын атап көрсеткен.

Сот жәбірленушілердің сотталған С.-ның іс-әрекетін толық әшкерелеген айғақтары істің нақты мән-жайларына сәйкес келеді деп дұрыс

таныған әрі олар қылмыстық қудалау органы ұсынған дәлелдемелердің жиынтығымен объективті расталады.

Сонымен қатар С.-ға тағылған айып қылмыстық-процестік заңның талаптарына сай өткізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен, арнайы ғылыми білімдерге және қылмыстық іс материалдарына негізделген сараптаманың қорытындыларымен, куәлер мен сарапшының жауаптарымен дәлелденген.

Басты сот талқылауында сарапшы А. жәбірленуші Қ.-ға қатысты өткізілген сараптаманың қорытындысын толық қолдап, соңғының өліміне оның бас миының соғылуы, мидың сол жақ бөлігіне қан кетуі, мидың ісінуі және қысылуы себеп болғанын, оның тұжырымы мәйітті гистологиялық зерттеу барысында дәлелденгенін айтқан. Сонымен бірге жәбірленушіге келтірілген жарақат қатты доғал затпен ұрудың салдарынан пайда болғанын, жарақат алған адамның одан кейін оны елемей жүре бергенін және қан ұйыған кезде асқынып, оның құлауына себеп болғанын баяндаған.

Сонымен бірге, жәбірленуші Қ.-ға қатысты өткізілген сараптама кезінде өлімге душар еткен аурулардың патоморфологиялық белгілері анықталмаған.

Сот кәмелетке толмаған Қ.-ның бала кезінен бастап ашылған медициналық құжаттарын зерделеп, оның бас миының тамырлары ауырмағандықтан және басқа да бас ауруларымен ауырмағандықтан сотталған С.-ның соққысынан болған ауыр дене жарақаттары оның өліміне себеп болды деген негізді тұжырымға келген.

Осылайша, С.-ның құқыққа қайшы іс-әрекеттері сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында жинақталған және сот тергеуінде зерделенген бұлтартпас дәлелдемелердің жиынтығымен толық бекітіледі.

Бірінші сатыдағы сот әрбір дәлелдемені оның қатыстылығы, жарамдылығы, анықтығы, ал барлық жиналған дәлелдемелердің қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалап, С.-ның қылмыстық іс-әрекеттерін ҚК-нің 194-бабының бірінші бөлігімен және 106-бабының үшінші бөлігімен дұрыс саралаған.

Сот С.-ның жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтарының сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін, жеке басының деректерін, қылмыстық жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жайларды ескеріп, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру мақсатында сот актісінде жаза түрі мен мерзімін тағайындаудың уәждерін толық көрсетіп, ол кінәлі деп танылған қылмыстық заңның санкциясы шегінде әділ жаза тағайындаған.

Сонымен қатар, сот қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес азаматтық талапты қарап, істің нақты мән-жайын, жасалған қылмыстың салдарын, жәбірленуші тараптардың бастан кешкен моральдық азап дәрежелерін ескеріп, моральдық зиянның көлемін және материалдық залалды дұрыс өндірген.

Апелляциялық сатыдағы сот айыптау үкімінің заңдылығы мен негізділігін тексеру барысында қорғаушы тараптың сотталған адамның кінәсіздігі және азаматтық талаптың дұрыс шешілмегендігі жөніндегі уәждерін жан-жақты тексеріп, сотталған адамның құқыққа қайшы іс-әрекеттері дұрыс сараланып, ол кінәлі деп танылған қылмыстық заңның төменгі санкциясы шегінде жаза тағайындалған және азаматтық талап дұрыс шешілген деген негізді тұжырымға келген.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы жергілікті соттардың сотталған С.-ға қатысты сот актілерін өзгеріссіз қалдырды.

Адвокат А.-ның өтінішхаты қанағаттандырусыз қалдырылды.

Жаза тағайындау

Бірінші сатыдағы сот сотталушыға жаза тағайындаған кезде ҚК-нің 55-бабы үшінші бөлігінің, 56-бабы үшінші бөлігінің талаптарын сақтамаған

2023 жылғы 23 мамыр

№ 2уп-147-22

Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық сотының 2022 жылғы 9 наурыздағы үкімімен:

Н. бұрын сотталмаған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚК) 24-бабының үшінші бөлігімен, 188-бабы үшінші бөлігінің 3) тармағымен кінәлі деп танылып, оған 3 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» 2021 жылғы 7 желтоқсандағы № 81-VII Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 3-тармағының 1-тармақшасына сай, оған тағайындалған 3 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы 1/3 бөлігіне қысқартылып, пробациялық бақылау белгіленген.

ҚК-нің 62-бабы 3-1-бөлігінің 2) тармағының талаптары негізінде Н.-ның 2022 жылғы 14 қаңтар мен 9 наурыз аралағындағы күзетпен ұстау уақыты бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеудің екі күні үшін бір күн есебімен жаза мерзіміне есепке жатқызылған.

Н.-дан Жәбірленушілердің өтемақы төлеу қорына 58 340 теңге өндірілген.

Сот үкімімен Н. адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен терезе арқылы дүкеннің ішіне заңсыз кіріп, ішінен әрқайсысы 2 000 теңге тұратын 9 дана косметикалық қораптарды жасырын жымқыруға оқталғаны үшін кінәлі деп танылған.

Қылмыстық іс апелляциялық тәртіппен қаралмаған.

Заттай дәлелдемелер мәселесі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 118-бабына сай шешілген.

Бірінші сатыдағы соттың сотталған Н. қылмыстық құқық бұзушылықты үкімде баяндалған мән-жайлар бойынша жасаған деп айып тағып жасаған тұжырымы сот отырысында егжей-тегжейлі, мұқият тексеріліп, тиісті бағасын алған дәлелдемелерге негізделген.

Сот әрбір дәлелдемені оның қатыстылығы, жарамдылығы, анықтығы, ал барлық жиналған дәлелдемелерді қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалап, Н.-ның қылмыстық іс-әрекетін ҚК-нің 24-бабының үшінші бөлігімен, 188-бабы үшінші бөлігінің 3) тармағымен дұрыс саралаған.

Сотталған Н.-ның кінәсі туралы сот үкімі жазаның дұрыс тағайындалмауына байланысты өзгертілуге жатады.

«Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысының 7-тармағына сәйкес, қылмысқа оқталғаны үшін жаза тағайындау жағдайларында ҚК-нің 55-бабының үшінші бөлігінде көрсетілген шектер ҚК-нің 56-бабының ережелері ескеріле отырып айқындалады.

Іс құжаттарына сәйкес, сот Н.-ны қылмысқа оқталғаны үшін кінәлі деп танып, процестік келісім тәртібі бойынша қараған. Яғни прокурор мен Н. арасында кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісім жасалған. Процестік келісімнің барлық талаптары орындалған.

Мұндай жағдайда ҚК-нің 56-бабы үшінші бөлігінің және 55-бабы үшінші бөлігінің талаптары ескеріле отырып Н.-ға тағайындалған жаза 2 жыл 7 ай 15 күннен аспауға тиіс еді. Ал Н.-ға жоғарыда көрсетілген Рақымшылық туралы Заңның негізінде түпкілікті жаза 1 жыл 9 ай 1 күннен аспауға тиіс.

Рақымшылық жасау туралы заң тек негізгі жазаға қолданылуға, ал қосымша тағайындалған жазаны өтеудің бүкіл мерзімі ішінде жыл сайын жүз сағаттан мәжбүрлі еңбекке тарту жазасы орындалуға жатады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы сотталған Н.-ға қатысты бірінші сатыдағы соттың үкімін өзгертті.

Н.-ға ҚК-нің 24-бабының үшінші бөлігімен, 188-бабы үшінші бөлігінің 3) тармағымен, ҚК-нің 56-бабының үшінші бөлігімен және 55-бабының үшінші бөлігімен тағайындалған бас бостандығынан шектеу жазасы 2 жыл 7 ай 15 күнге төмендетілді.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» 2021 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Н.-ға тағайындалған жазаның 1/3 (үштен бір) бөлігі қысқартылып, түпкілікті 1 (бір) жыл 9 (тоғыз) ай 1 күнге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалды.

Сот үкімінің қалған бөлігі өзгеріссіз қалдырылып, Бас Прокурордың наразылығы қанағаттандырылды.

Жаза тағайындау

ҚПК-нің 113-бабы бірінші бөлігінің 4) тармағына сай күдіктінің, айыпталушының жауаптылық дәрежесі мен сипатына әсер ететін мән-жайлар қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайлар қатарына жатады

2023 жылғы 16 мамыр

№ 2ун-142-23

Шымкент қаласы Әл-Фараби аудандық сотының 2022 жылғы 21 қыркүйектегі үкімімен:

А. бұрын сотталмаған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚК) 24-бабының үшінші бөлігімен, 366-бабы үшінші бөлігінің 2), 3) тармақтарымен кінәлі деп танылып, ҚК-нің 50-бабында көрсетілген лауазымдарды атқару құқығынан өмір бойына айырыла отырып, 7 жыл 6 айға бас бостандығынан айыруға, жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде өтеуге сотталған.

М. бұрын сотталмаған, ҚК-нің 24-бабының үшінші бөлігімен, 366-бабы үшінші бөлігінің 2), 3) тармақтарымен кінәлі деп танылып, ҚК-нің 50-бабында көрсетілген лауазымдарды атқару құқығынан өмір бойына айырыла отырып, 8 жылға бас бостандығынан айыруға, жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде өтеуге сотталған.

Осы үкіммен сотталған Т. мен К.-ге қатысты өтінішхат келтірілмеген.

Сот үкімімен А. мен М. лауазымды адамдар бола тұра, қызмет бабын жеке бастарының пайдасы үшін пайдаланып, адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен ірі мөлшерде пара алуға оқталғандары үшін кінәлі деп танылған.

Шымкент қалалық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 17 қарашадағы қаулысымен сотталған А. мен М.-ға қатысты бөлігінде сот үкімі өзгеріссіз қалдырылған.

Төменгі сатыдағы соттардың сотталған А. мен М. қылмысты үкімде баяндалған мән-жайларда жасаған деген тұжырымы басты сот талқылауында жан-жақты тексеріліп, тиісті баға берілген дәлелдемелерге негізделген.

Сотталған А. мен М. өздеріне тағылған айыпты мойындамағанымен олардың кінәсі сыбайластары Т. мен К.-нің, куәлер Ә., Ж., А. және басқалардың айғақтарымен, іс бойынша жүргізілген тергеу әрекеттерінің құжаттарымен және сот сараптамаларының қорытындыларымен толық бекітіледі.

Сотталған Т. сотта берген айғақтарында 2021 жылдың қараша айында К.-нің мемлекеттік сатып алу конкурсына қатысты мәселелерін оң шешу үшін, яғни соңғының компаниясына жіберілген хабарламалардың орындалғанын растау үшін сотталған А. және М.-мен сөйлесіп, парақорлыққа делдал болғанын, соңғылар 18 000 000 теңге пара талап еткендерін, ақшаны өзінің танысы А. Өскемен қаласынан Шымкентке алып келгенін айтып айғақ берген.

Т. сотқа дейінгі тергеп-тексеруде және басты сот талқылауында нанымды айғақтар бергендіктен олардың дұрыстығына күмән келтіруге негіз жоқ. Сонымен бірге аталған айғақтар іс бойынша жиналған басқа дәлелдемелермен: сотталған К.-нің лауазымды адамдар А. мен М.-ға делдал Т. арқылы ірі мөлшерде пара беруге оқталып, қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәсін толық мойындап, істің мән-жайларын толық көрсеткен айғақтарымен, Т.-ның пәтеріне тінту жүргізу, тергеу әрекетіне куәгер ретінде қатысқан Ә. мен Ж.-ның жатын бөлмеден қара түсті спорттық сөмкеден 18 000 000 теңге бар екені анықталғаны туралы айғақтарымен, Т.-ның өтініші бойынша Өскемен қаласына ұшып барып, бейтаныс адамдармен кездескені, олар пакетке салынған 18 000 000 теңге ақша бергендері, ақшаны қара түсті сөмкеге салып, Шымкентке ұшқаны, Т.-мен кездесіп, оған сөмкені бергені, екеуі аталған сөмкені соңғының Т. көшесі, 69/41-үй, 2-пәтеріне тастап кеткендері туралы айғақтарымен сәйкес келеді.

Сот психологиялық-криминалистикалық сараптама қорытындыларына сәйкес, Т. мен К.-нің тергеу әрекеті барысында сөйлесу тілдері ақпараттық-хабарлаушы сипаттағы алдын ала дайындалмаған ауызекі тілдің бір түрі болып табылады. Тергеушінің әрекеті кезінде Т. мен К.-нің берген жауаптарының мағынасын өзгерту мақсатында оларға психологиялық қысым жасалғаны анықталмаған.

Сонымен қатар олардың кінәлері кешенді сот-бейнефонографиялық сараптаманың, сот психологиялық-филологиялық сараптаманың қорытындыларымен, сотталған адамдардың арасында өткізілген беттестіру хаттамаларымен, жасырын тергеу амалдарының қорытындыларымен толық бекітілген.

Бірінші сатыдағы сот әрбір дәлелдемені оның қатыстылығы, жарамдылығы, анықтығы тұрғысынан бағалап, ал барлық жиналған дәлелдемелердің жиынтығы А. мен М.-ның кінәлерін дәлелдеу үшін жеткілікті деген тұжырымға келе отырып, олардың қылмыстық іс-әрекеттерін ҚК-нің 24-бабының үшінші бөлігімен, 366-бабы үшінші бөлігінің 2), 3) тармақтарымен дұрыс саралаған.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі - ҚПК) 494-бабының он төртінші бөлігіне сәйкес, сот актісіне өздеріне қатысты өтінішхат келтірілмеген басқа сотталған адамдарға қатысты өзгерістер енгізуге, егер бұл ретте сотталған адамдардың жағдайы нашарламайтын болса, өзіне қатысты өтінішхат келтірілген сотталған адаммен сыбайласып жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша ғана жол беріледі.

Сот сотталған А., М. және Т.-ның қылмыстық жауаптылығы мен жазасын ауырлататын мән-жайды тану кезінде қолданыстағы заң нормаларының талаптарын сақтамай, төмендегідей заң бұзушылыққа жол берген.

Сот ҚПК-нің 24-бабына сәйкес, істі дұрыс шешуге қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін заңда көзделген барлық шараларды қолдануға міндетті. Іс бойынша сотталушыны әшкерелейтін де, ақтайтын да, сондай-ақ оның жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар анықталуға жатады.

ҚПК-нің 113-бабы бірінші бөлігінің 4) тармағына сай күдіктінің, айыпталушының жауаптылық дәрежесі мен сипатына әсер ететін мән-жайлар қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайлар қатарына жатады.

Бірінші сатыдағы сот іс материалдарында сотталған адамдардың ант мәтіні мен оны беру күні көрсетілген ант қабылдау бланкілерінің жоқтығына қарамастан, яғни іс үшін маңызы бар мән-жайды анықтамай, олардың қылмыстық жауаптылығы мен жазасын ауырлататын мән-жай ретінде қылмыстық құқық бұзушылықты өздері берген сертін немесе кәсіби антын бұза отырып жасағандарын негізсіз таныған.

Осыған орай, сот алқасы аталған мән-жайды сотталған адамдардың қылмыстық жауаптылығы мен жазасын ауырлататын мән-жай ретінде тану алып тасталуға жатады деп есептейді.

Іс бойынша анықталғандай, бірінші сатыдағы сот сотталған адамдарға жаза тағайындағанда олардың қылмыстық жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жайлар ретінде тұрғылықты мекенжайлары және асырауларында кәмелетке толмаған балаларының барын, сондай-ақ Т.-ның өз кінәсін толық мойындап, жасаған қылмысы үшін шын ниетпен өкінгенін, қылмысты ашуға және оған басқа да сыбайлас қатысушыларды әшкерелеуге белсенді түрде ықпал еткенін таныған.

ҚК-нің 55-бабы екінші бөлігінің 1) және 2) тармақтарында жасалған қылмыс белгісі ретінде көзделмеген жеңілдететін мән-жай болған және ауырлататын мән-жайлар болмаған кезде, жазаның негізгі түрінің мерзімін ҚК-нің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген ең жоғары мерзімнің ауырлығы орташа қылмыс жасаған кезде жартысынан, ауыр қылмыс жасаған кезде үштен екісінен асыруға болмайтыны көрсетілген.

Аталған баптың жетінші бөлігіне сәйкес, қылмысқа оқталғаны үшін жаза тағайындалған жағдайда, ҚК-нің 55-бабының екінші бөлігінде көрсетілген шектер ҚК-нің 56-бабының ережелері ескеріле отырып айқындалады.

ҚК-нің 56-бабының үшінші бөлігіне сәйкес, қылмысқа оқталғаны үшін жазаның мерзімін немесе мөлшерін ҚК-нің Ерекше бөлігінің тиісті бабында аяқталған қылмыс үшін көзделген жазаның негізгі түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің төрттен үшінен асыруға болмайды.

Көрсетілген мән-жайларға сәйкес, сотталған адамдарға тағайындалған бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның мерзімі А. мен М.-да 6 жылдан, Т.-да 1 жыл 6 айдан аспауға тиіс.

ҚК-нің 46-бабы бесінші бөлігінің 2) тармағына сәйкес, А. мен М. бас бостандығынан айыру жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде өтейді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы жергілікті соттардың сотталған А., М. мен Т.-ға қатысты сот актілерін өзгертті.

Сотталған А., М. мен Т.-ның қылмыстық жауаптылығы мен жазасын ауырлататын мән-жай ретінде олардың қылмысты өздері берген сертін немесе кәсіби антын бұза отырып жасағанын тану алып тасталды.

ҚК-нің 24-бабының үшінші бөлігімен, 366-бабы үшінші бөлігінің 2), 3) тармақтарымен тағайындалған жаза мөлшері ҚК-нің 56-бабының үшінші бөлігі, 55-бабы екінші бөлігінің 2) тармағы басшылыққа алына отырып, А.-ға 5 жылға, М.-ға 6 жылға, ҚК-нің 55-бабы екінші бөлігінің 1) тармағы басшылыққа алына отырып, Т.-ға 1 жыл 6 айға дейін төмендетілді.

ҚК-нің 46-бабы бесінші бөлігінің 2) тармағына сәйкес А. мен М.-ның жаза өтеу орны болып қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесі белгіленген.

Т. «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 7 желтоқсандағы № 81-VII Заңының 2-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес негізгі жазаны өтеуден босатылды.

Сот актілерінің қалған бөлігі өзгеріссіз қалдырылып, адвокаттар Д. мен Ш.-ның өтінішхаттары ішінара қанағаттандырылды.

Үкімнің заңдылығы мен негізділігі

Жергілікті соттар сотталушының іс-әрекетін ҚК-нің 369-бабының бірінші бөлігімен дұрыс саралаған

2023 жылғы 13 маусым

№ 2уп-178-23

Жамбыл облысы Шу аудандық сотының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы үкімімен:

Д. бұрын сотталмаған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚК) 369-бабының бірінші бөлігімен мемлекеттік қызметте, судья қызметін, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында, мемлекеттік ұйымдарда және жарғылық капиталында мемлекет үлесі елу пайыздан асатын ұйымдарда, оның ішінде акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтерде, ұлттық холдингтерде, ұлттық компанияларда, ұлттық даму институттарында, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы өздеріне тиесілі олардың еншілес ұйымдарында, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы аталған еншілес ұйымдарға тиесілі заңды тұлғаларда лауазымдарды атқару құқығынан өмір бойына айыра отырып, 1 жылға бас бостандығын шектеуге сотталып, бас бостандығын шектеудің барлық мерзіміне пробациялық бақылау белгіленген.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 7 желтоқсандағы № 81-VII Заңының 2-бабы бірінші бөлігінің 1) тармағына сәйкес жазадан босатылған.

Осы үкіммен С. да сотталған, алайда оған қатысты сот актілері дауланбайды.

Сот үкімімен Д. мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға теңестірілген адам бола тұра, басқа адамдар үшін пайда мен артықшылықтар алу мақсатында ресми құжатқа көрінеу жалған мәліметтерді енгізгені, яғни қызметтік жалғандық жасағаны үшін кінәлі деп танылған.

Жамбыл облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 21 сәуірдегі қаулысымен сот үкімі өзгеріссіз қалдырылған.

Соттың сотталған Д.-ға айып болып тағылған қылмыстық құқық бұзушылықты үкімде баяндалған мән-жағдайда жасаған деген тұжырымы сот отырысында егжей-тегжейлі, мұқият тексеріліп, тиісті бағасын алған дәлелдемелерге негізделген.

Сотталған Д. айыбын мойындамаса да оның кінәсі куәлер Б., Н., П., Е., Ш., М., И., А., Ғ.-лардың сотта зерттелген жауаптарымен, № 1085 сот-қолтаңбалық сараптамамен, № 1072 сарапшының қорытындысымен, № 3549 сот-фонографиялық сараптаманың қорытындысымен, мекеме бойынша өткізілген талдамалық анықтамамен, штаттық кестелермен, мекеменің бұйрықтарды тіркеу журналымен және іс бойынша жинақталған басқа да дәлелдемелердің жиынтығымен толық бекиді.

Сонымен сотта Д. 2003-2012 жылдар аралығында «Қосқұдық ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі» КММ (бұдан әрі - Мекеме) директоры болып қызмет атқарғанын, 2012-2018 жылдары басқа жерде қызметте болғанын, кейіннен 2018 жылдың тамызынан 2020 жылдың қыркүйегіне дейін қайтадан сол Мекемеге директор болып тағайындалғанын, С.-ны 2004 жылдан бері танитынын, өзі директор болғанда оны жүргізуші ретінде жұмысқа қабылдағанын, 2005 жылы механик, ал 2007 жылы инженер-орман патологы лауазымына ауыстырғанын, Мекемеге 2018 жылы қайтып оралғанда С. жүргізуші болып жүргенін, ол оны механик, одан соң аға орманшы лауазымына ауыстырғанын, 2021 жылдың қаңтар айында жасының келуіне байланысты зейнеткерлікке шыққанын, С.-ның еңбек кітапшасындағы жазбалардың тұсындағы қолтаңбаларды өзі қойғанын, бірақ мөртаңбаларды кімнің, қашан және қандай жағдайда қойылғаны өзіне белгісіз екенін, ондағы С.-ны инженер-орман патологы лауазымына ауыстыру туралы бұйрықты дұрыс деп санайтынын, өйткені осы лауазым штатта 2007 жылдан бері болғанын және оны С. нақты атқарғанын, еңбек кітапшасын толтырумен кадр қызметкері - іс қағаздарын жүргізуші айналысатынын, 2007-2012 жылдар аралығында мекемеде ол лауазымды Б. атқарғанын, мөртаңба әрқашанда бас есепшіде болатынын айтқан.

Сотталған С. сотта берген жауабында Д.-ны 2004 жылдан бері танитынын, ол Мекеменің директоры болғанда өзі сонда жүргізуші болып жұмысқа орналасқанын, 2005 жылы механик болып істегенін, 2007 жылдың қаңтарында инженер-орман патологы болып ауысқанын, кейін 2016 жылы штат қысқарып сол Мекемеден кеткенін, 2018 жылы Мекемеге жүргізуші болып қайтадан жұмысқа тұрғанын, 2-3 айдан кейін Мекемеге директор болып келген Д. өзін механик, одан соң аға орманшы лауазымына ауыстырғанын, 2020 жылы Д. зейнеткерлікке шығып, өзі оның орнына басқарманың шешімімен директор болып тағайындалғанын, айыптаумен келіспейтінін, өйткені Мекемеде инженер-орман патологы қызметін өзі 2007 жылдан бастап нақты атқарғанын, еңбек кітапшасында инженер-механик болып тағайындалғаны қате көрсетілгенін, бұл жазбалар түзетіліп, инженер-орман патологы деп жазылғанын, бірақ жазулардың неліктен түрлі сиямен жазылғанын және мөртаңбалардың неліктен әртүрлі екені өзіне белгісіз екенін, еңбек кітапшасын кадр қызметкері толтырғанын айтқан.

Алайда сотта жауап берген куә Б. Мекемеде сотталған Д.-ның қол астында 2003 жылдан бері әртүрлі қызмет атқарғанын, С.-ны 2004 жылдан бері білетінін, оны сол жылы Мекемеге Д. бастапқыда жүргізуші етіп қабылдағанын, бір-екі жылдан соң инженер-механик лауазымына ауыстырылғанын, 2020 жылы тамыз айында оған С. еңбек кітапшасын алып келгенін, еңбек кітапшасында 2007 жылы оның инженер-механик лауазымына ауыстырылғаны қате жазылғанын, сондықтан оны инженер-орман патологы лауазымына өзгертіп беруді сұрағанын және ол туралы тиісті бұйрықты көрсеткенін, осыдан кейін оның еңбек кітапшасына айтқан түзетуді енгізіп, оны растау үшін директор Д.-ның қолтаңбасы қойылатын жер қалдырғанын, қолтаңба Д.-ның қолтаңбасы екенін, мөртаңбаларды кім қойғанын білмейтінін айтып айғақ берген.

Куә Н. сотта Д. мен С.-ның жауаптары шындыққа сай келмейтінін, өйткені аталған Мекемеде 2007-2014 жылдар аралығында инженер-орман патологы лауазымы болмағанын, ол лауазым өзі Мекемеге директор болып келген тұста, яғни 2015 жылғы бекітілген штат кестесінде ғана қарастырылғанын, сол кезде ол С.-ны инженер-орман патологының міндетін атқарушы лауазымына ауыстырғанын, себебі оның ол кезде орман шаруашылығына байланысты арнайы орта немесе жоғары білімі болмағанын, бұл туралы тиісті бұйрық шығарылғанын, ал 2016 жылғы штаттық кесте бойынша инженер-орман патологы лауазымы қысқарып, оның орнына инженер-механик лауазымы берілгенін, С. болса штат қысқарғандықтан сол жылы жұмыстан кеткенін атап көрсеткен.

Сонымен, 2007-2015 жылдар аралығында инженер-орман патологы лауазымы Мекемеде мүлде болмағанын және ол қызметті С.-ның атқармағанын сотта куә Н.-дан басқа сол мезгілде аталған Мекемеде қызмет еткен куәлер Б., А., М., П.-лар да растаған.

Аталған лауазымның жоғарыда көрсетілген аралықта Мекемеде болмағаны іс материалдарына тіркелген сол жылдардың штаттық кестелерімен де бекиді.

Сотталған С.-ның еңбек кітапшасына енгізілген өзгерістің сотталғандар Д. мен С. көрсеткендей, 2007 жылы емес, куә Б. көрсеткендей, 2020 жылдың тамыз айында жасалғаны іс бойынша өткізілген сот-қолтаңбалық сараптама қорытындысымен де расталады. Өйткені онда өзгерту туралы енгізілген жазбаға екі түрлі мөртаңба қойылғаны айтылған.

Сонымен қатар алу және қарап-тексеру хаттамаларына сәйкес, Мекемеден С.-ның атына толтырылған 79 парақтан тұратын еңбек кітапшасы және сол еңбек кітапшасының екі парақтағы көшірмесі алынған. Еңбек кітапшасының екі парақтағы көшірмесіндегі 8-9-беттердегі мәлімет С.-ның 2007 жылғы 4 қаңтарда инженер-механик лауазымына ауыстырылғаны туралы жазбамен аяқталып, аталған беттердің қалған

бөлігі таза бетінде қалған, ал 79 беттен тұратын кітапшаның 8-9-беттерінде жоғарыда көрсетілген өзгеріс туралы жазба орын алған.

С.-ның еңбек кітапшасының 8-9-беттеріне енгізілген өзгерістерді растаған қолдың директор Д.-ның өзі қойғанын соңғы жоққа шығармаған. Бұл мән-жай сот-қолтаңбалық сараптама қорытындысымен де бекиді.

Мөртаңбаның директорда, яғни Д.-ның тек өзінде ғана сақталатынын сотта куә ретінде жауап берген Мекеменің аға есепшісі Р. да растаған.

Бұл ретте сотталған Д.-ның мөртаңбаны кім қойғанын білмеймін, С.-ның еңбек кітапшасына енгізілген өзгеріс 2007 жылы енгізілген, С. инженер-орман патологы лауазымын сол уақыттан бері нақты атқарған деген уәждері іс материалдарына қайшы келеді.

Сондықтан сот Д.-ның жауаптарына сын көзбен қарап, ондай жауапты ол өзін қорғау мақсатында беріп отыр деген дұрыс тұжырымға келген.

Бірінші және апелляциялық сатыдағы соттар іс бойынша анықталған дәлелдемелерді жан-жақты толық және объективті зерттеп, жиналған дәлелдемелерге тиісті баға берген.

Соттың үкімде көрсеткен тұжырымдары істің нақты мән-жайларына сәйкес келеді.

Қызметтік жалғандық жасау формальдық құрамдағы қылмысқа жатады, яғни ресми құжатқа жалған ақпарат немесе оның нақты мазмұнын бұрмалайтын түзетулер енгізілген сәттен бастап, одан әрі мұндай құжаттың қолданылған-қолданылмағандығына қарамастан аяқталған болып саналады.

Сотта анықталғандай, Д. көрінеу жалған жазбаға қолын қойып, еңбек кітапшасына мөртаңба басқандықтан С. зейнеткерлік жасқа толуына байланысты директорлықтан босаған Д.-ның орнына сол Мекемеге директор болып тағайындалып, артынша соңғыны Мекеменің инженер-орман патологы етіп жұмысқа қабылдаған.

Демек, Д. қызметін пайдаланып, өзінің заңсыз әрекетімен С.-ны жақтап, соңғының Мекемеге директор болып тағайындалуына тікелей ықпал еткен. Мұндай жағдайда сот сотталған Д.-ның іс-әрекетін ҚК-нің 369-бабының бірінші бөлігімен дұрыс саралаған.

Жаза сотталған Д.-ға қылмыстық заңмен көзделген жаза тағайындаудың жалпы негіздері ескеріле отырып әділ тағайындалған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы жергілікті соттардың сотталған Д.-ға қатысты сот актілерін өзгеріссіз қалдырды.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығы қанағаттандырусыз қалдырылды.

Жаза тағайындау

Апелляциялық сатыдағы сот сотталушыға өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасын заң шеңберінде әділ тағайындаған

2023 жылғы 13 маусым

№ 2нп-2-23

Маңғыстау облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының 2023 жылғы 13 қаңтардағы үкімімен:

М. бұрын сотталмаған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚК) 120-бабының төртінші бөлігімен, 121-бабының төртінші бөлігімен, 124-бабының үшінші бөлігімен, 58-бабының төртінші бөлігімен балаларды оқыту және тәрбиелеу жөніндегі міндеттермен байланысты лауазымды атқару мен қызметтерді атқару құқығынан өмір бойына түпкілікті айырыла отырып, 25 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған және жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелерінде өтеу белгіленген.

ҚК-нің 62-бабының үшінші бөлігіне сәйкес, сотталған М.-ның 2022 жылғы 14 шілдеден бастап үкім заңды күшіне енгенге дейін қамауда болған уақыты жаза өтеу мерзіміне есептелген.

М.-дан 4 140 317 теңге процестік шығындар, Қазақстан Республикасының Жәбірленушілерге өтемақы төлеу қорына 91 980 теңге мәжбүрлі төлем өндірілген.

М.-ға алкогольден мәжбүрлі түрде емдеу тағайындалған.

Іс бойынша заттай дәлелдемелер мәселесі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі - ҚПК) 118-бабына сәйкес шешілген.

Сот үкімімен сотталған М. көрінеу жас балалардың дәрменсіз күйін пайдаланып және күш қолданып, бірнеше рет азғындық іс-әрекеттер жасау арқылы жыныстық қатынас және сексуалдық сипаттағы өзге әрекеттерді жасағаны үшін кінәлі деп танылған.

Маңғыстау облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2023 жылғы 22 ақпандағы қаулысымен сот үкімі жаза тағайындау бөлігінде өзгертілген.

М.-ға ҚК-нің 120-бабының төртінші бөлігімен, 121-бабының төртінші бөлігімен, 124-бабының үшінші бөлігімен, 58-бабының төртінші бөлігі арқылы түпкілікті өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

Оған жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің төтенше қауіпсіз мекемелерінде өтеу белгіленген.

Жазасын өтеу мерзімі үкім заңды күшіне енген күннен бастап есептелген.

ҚК-нің 62-бабының 3-тармағына сай, қамауға алынған 2022 жылғы 14 шілдеден бастап үкім заңды күшіне енген күн аралығындағы күзетпен ұстау мерзімі бір күнге бір күн есебімен жаза өтеу мерзіміне қоса есептелген, оған қолданылған «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы өзгеріссіз қалдырылған.

Үкімнің қалған бөлігі өзгеріссіз қалдырылған.

ҚПК-нің 485-бабының бірінші бөлігіне сәйкес, заңды күшіне енген сот актілерін кассациялық тәртіппен қайта қарауға қылмыстық және қылмыстық-процестік заңдардың дұрыс қолданылмауы негіз болып табылады.

Аталған қылмыстық іс бойынша мұндай заң бұзушылықтарға жол берілмеген.

М.-ның кінәсі оның өз айыбын мойындамағанына қарамастан, жәбірленушінің заңды өкілі Ш.-ның, сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында берген жасөспірім жәбірленушілер С., І., Т., Д., Б., Ы., Б.-лардың, басқа да куәлердің жауаптарымен, оқиға болған жерді қарау хаттамасымен, сарапшының қорытындыларымен және қылмыстық іс материалдарымен толық бекітілген.

Жәбірленушілер - жас балалар С., І. сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында М.-ның өздеріне қатысты азғындық әрекеттерді жасағаны жөнінде өздерінің басынан өткізген, өздеріне ғана белгілі, өздері сезінген мән-жайлар бойынша жауап берген.

2022 жылғы 19 шілдедегі № 20-21/08-09/36 сот-медициналық сараптама қорытындысына сәйкес, жәбірленуші С.-ның денесіндегі арқасының көгерген жарақаты қатты доғал заттың әсерінен пайда болған, денсаулығының бұзылуы үш аптадан аспайтын мерзімде (кемінде 21 күн) жеңіл зиян келтірген.

Сот-медициналық сараптаманың 2022 жылғы 19 шілдедегі № 20-21/08-09/37 қорытындысына сай, І.-нің басының, қолдарының, мойнының, тұлғасының, аяқтарының сыдырылған, көгерген жарақаттары қатты доғал заттардың әсерінен пайда болған, денсаулығының бұзылуы үш аптадан аспайтын мерзімде (кемінде 21 күн) жеңіл зиян келтірген.

Оның сыртқы жыныс мүшесі және артқы тесігі аймақтарында, яғни артқы жабыспа аймағында жыртылған, тік ішектің кілегей қабатының сыдырылған жарақаты қатты доғал заттардың әсерінен пайда болған, ер адамның қозған жыныс мүшесінің әсерінен пайда болуы жоққа шығарылмайтын жыртылулар бар екені, қыздық пердесінің бүтіндігі бұзылғаны және оның бұзылған уақыты қаулыда және куәланушы көрсеткен уақыттарға қайшы келмейтіндігі анықталған.

Сарапшының 2022 жылғы 14 қазандағы № 20-19/09-04/91 қорытындысына сәйкес, М.-ның алкогольді тұтыну нәтижесінде психикалық және мінез-құлқы бұзылғаны және оның емделуді қажет ететіндігі анықталған.

Сарапшы-психолог Д. жәбірленушілердің фантазиялық қиялдауы жоқ, олар сұрақтарға нақты жауап берді деп айғақ берген.

Осы дәлелдемелер іс бойынша барлық мән-жайларды толық, жан-жақты және объективті түрде зерттеумен ұштастырыла отырып, үкімнің сипаттау-уәждеу бөлігінде егжей-тегжейлі келтірілген.

Іс бойынша барлық мән-жайларды толық, жан-жақты және объективті түрде зерттеумен ұштастыра отырып, үкімнің сипаттау-уәждеу бөлігінде егжей-тегжейлі келтірілген осы дәлелдемелерге төменгі сатыдағы соттар сотталған М.-ның қылмыстық әрекетіне ҚК-нің 120-бабының төртінші бөлігі, 121-бабының төртінші бөлігі, 124-бабының үшінші бөлігі бойынша дұрыс баға берген.

Өтінішхатта келтірілген уәждерді төменгі сатыдағы соттар егжей-тегжейлі тексеріп, орынды теріске шығарған.

М.-ға жаза ҚК-нің 52-бабының және «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысының ережелеріне сай оның қылмыстық әрекетінің сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі, жеке басы, жауаптылығы мен жазасын ауырлататын мән-жайлар ескеріле отырып, заң шеңберінде әділ тағайындаған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы сотталған М.-ға қатысты апелляциялық сатыдағы соттың қаулысын өзгеріссіз қалдырды.

Адвокат Н.-ның өтінішхаты қанағаттандырусыз қалдырылды.

Үкімнің заңдылығы мен негізділігі

Сотталушының қылмыстық іс-әрекеті ҚК-нің 307-бабының бірінші бөлігімен дұрыс сараланған

2023 жылғы 4 шілде

№ 2уп-179-23

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы № 2 сотының 2023 жылғы 19 қаңтардағы үкімімен:

Н. бұрын сотталмаған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚК) 307-бабының бірінші бөлігімен кінәлі деп танылып, 612 600 теңге айыппұл салынып, сотталған.

Н.-дан Қазақстан Республикасының Жәбірленушілерге өтемақы төлеу қорына 30 630 теңге мәжбүрлі төлем өндірілген.

Заттай дәлелдемелер мәселесі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі - ҚПК) 118-бабында белгіленген тәртіппен шешілген.

Сот үкімімен Н. ойын мекемесін заңсыз ашып, ойын бизнесі саласындағы қызметті ұйымдастырғаны үшін кінәлі деп танылған.

Қылмыстық іс апелляциялық тәртіппен қаралмаған.

Сотталған адамның айыптау үкімінің сипаттау-уәждеу бөлігінде көрсетілген мән-жайларда қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәсінің дәлелденгені туралы сот тұжырымдары басты сот талқылауында объективті түрде зерттеліп, тиісті баға берілген дәлелдемелерге негізделген және істің нақты мән-жайларына сәйкес келеді.

Н.-ға тағылған айып оның өз кінәсін толық мойындаған жауаптарымен қатар, сарапшының қорытындысымен, тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен және іс бойынша жинақталған басқа да дәлелдемелермен расталады.

ҚПК-нің 340-бабының бірінші бөлігіне сәйкес, басты сот талқылауы тек сотталушыға қатысты және оны айыптау шектерінде ғана жүргізіледі.

«Сот үкімі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 4 нормативтік қаулысының 32-тармағында да осындай талап қойылған.

Іс материалдарынан анықталғандай, қылмыстық қудалау органы тергеу іс-әрекеттерін қылмыстық және қылмыстық-процестік заңның талаптарына сай жүргізіп, Н.-ға ҚК-нің 307-бабының бірінші бөлігімен айып тағып, қылмыстық істі сотқа берген.

Ал, куә Е.-ге қатысты бөлігінде оның іс-әрекетінде қылмыс белгілері болмауына байланысты қылмыстық қудалаудан бас тартылған.

Сондықтан, сотталған адамның құқыққа қайшы іс-әрекетті сотқа берілмеген адаммен бірге жасағаны іс құжаттарымен расталатынына қарамастан, бірінші сатыдағы соттың қылмыстық істі прокурорға негізсіз қайтармағаны жөніндегі наразылықтағы уәждерді жоғарыда көрсетілген заң талаптарына қайшы келуіне байланысты негізді деп санауға болмайды.

Сонымен қатар, Бас Прокурор наразылықта бірінші сатыдағы сот істі дұрыс шешуге қажетті барлық мән-жайларды зерттемегенін, яғни дәлелдемелерді өзара салыстыра отырып, оған құқықтық баға бермегенін атап көрсеткен.

Іс материалдарын зерделеу барысында төрағалық етуші басты сот талқылауында қылмыстық істегі барлық дәлелдемелерді жан-жақты, толық, объективті түрде зерделегені және істің нәтижесіне ықпал еткен қылмыстық әрі қылмыстық-процестік заңнаманың өрескел бұзылуына жол берілмегені нақты анықталды.

Осыған орай Бас Прокурордың сот баға берген дәлелдемелермен келіспеуге негізделген уәждері сот актілерін қайта қарауға негіз болатын қылмыстық-процестік заңның елеулі түрде бұзылуына жол берілгенін растамайды.

Сот алқасы бірінші сатыдағы сот заң талаптарын сақтай отырып, нақты деректерге баға беріп, әрбір дәлелдемені оның қатыстылығы, жарамдылығы, анықтығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер жиынтығын қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалап, Н.-ның қылмыстық іс-әрекетін ҚК-нің 307-бабының бірінші бөлігімен дұрыс саралаған деген қорытындыға келді.

Сот Н.-ның жасаған қылмыстық құқық бұзушылығының сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін, жеке басының деректерін, қылмыстық жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жайларды ескеріп, айыптау үкімінде жаза түрі мен мерзімін тағайындаудың уәждерін толық көрсетіп, ол кінәлі деп танылған қылмыстық заң бойынша баптың санкциясы шегінде әділ жаза тағайындаған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы бірінші сатыдағы соттың сотталған Н.-ға қатысты үкімін өзгеріссіз қалдырды.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығы қанағаттандырусыз қалдырылды.

Состав уголовного правонарушения

В соответствии с требованиями части 4 статьи 19 УПК обвинительный приговор не может быть основан на предположениях и должен быть подтвержден достаточной совокупностью достоверных доказательств

13 июня 2023 года

№ 2уп-174-23

Приговором Жамбылского районного суда Жамбылской области от 7 июля 2022 года:

А., ранее судимый, осужден по части 3 статьи 287 Уголовного кодекса Республики Казахстан (далее – УК) к 3 годам лишения свободы; по пункту 2) части 3 статьи 293 УК к 4 годам лишения свободы; по пункту 2) части 4 статьи 188-1 УК к 7 годам лишения свободы.

В соответствии с частью 3 статьи 58 УК путем поглощения менее строгого наказания более строгим окончательно назначено 7 лет лишения

свободы с отбыванием наказания в учреждении уголовно-исполнительной системы максимальной безопасности.

На основании части 1 статьи 14 УК в действиях осужденного А. признан рецидив преступлений.

Гражданские иски потерпевших Н. и К. о взыскании имущественного вреда удовлетворены. Постановлено взыскать с осужденного А. в пользу потерпевшего К. 4 950 000 тенге, в пользу потерпевшего Н. 1 850 000 тенге; в доход государства государственную пошлину в сумме 68 000 тенге.

В удовлетворении гражданского иска о взыскании с осужденного А. в пользу потерпевших Н. и К. морального вреда в размере 10 000 000 тенге отказано.

Приговором суда А. признан виновным в незаконном хранении, перевозке и ношении огнестрельного оружия и боеприпасов; в совершении хулиганства, то есть в особо дерзком нарушении общественного порядка, выражающем явное неуважение к обществу, сопровождающееся применением насилия к гражданам, повреждением чужого имущества в группе лиц, с применением огнестрельного оружия; в скотокрадстве, то есть в тайном хищении чужого скота в группе лиц по предварительному сговору, в особо крупном размере.

Постановлением судебной коллегии по уголовным делам Жамбылского областного суда от 15 декабря 2022 года приговор оставлен без изменения.

Судом установлено, что 18 февраля 2021 года в 23 часа А. и Е. с группой лиц по предварительному сговору тайно похитили с пастбища, расположенного в селе Турксиб Жамбылского района:

- 13 кобыл стоимостью 550 000 тенге каждая, 11 годовалых лошадей стоимостью 250 000 тенге каждая, принадлежащих потерпевшему К., причинив ему ущерб на общую сумму 9 900 000 тенге;

- 2 кобылы стоимостью 550 000 тенге каждая и 4 двухгодовалых лошадей стоимостью 350 000 тенге каждая, принадлежащих потерпевшему Н., причинив ему ущерб на общую сумму 2 500 000 тенге.

Общая сумма похищенного имущества составила 12 400 000 тенге.

Вина А. по данному эпизоду подтверждается показаниями осужденного Е., потерпевших Н. и К.; свидетелей Ж., Э., М., Т., С., Л. и других; протоколами очных ставок между А. и Ж., между А. и М. и другими материалами дела.

Действиям А. по пункту 2) части 4 статьи 188-1 УК дана правильная правовая оценка.

Наказание за указанное деяние назначено в соответствии с требованиями статей 52-54 УК, с учетом смягчающих и отягчающих его уголовную ответственность и наказание обстоятельств, в пределах минимальной санкции части 4 статьи 188-1 УК. В связи с этим доводы

ходатайства защиты о переквалификации действий осужденного на менее тяжкий состав уголовного правонарушения и снижении наказания удовлетворению не подлежат.

Вместе с тем, доводы ходатайства в части неправильного рассмотрения гражданского иска заслуживают внимания.

Вступившим в законную силу приговором Жамбылского районного суда Жамбылской области от 4 марта 2022 года Е. осужден по пункту 2) части 4 статьи 188-1 УК к 7 годам лишения свободы.

Постановлением этого же суда от 23 февраля 2022 года производство по иску потерпевших К. и Н. на общую сумму 12 400 000 тенге прекращено в связи с полным его возмещением Е.

В материалах уголовного дела в отношении Е. имеются нотариально заверенные заявления от потерпевших К. и Н. о полном возмещении причиненного ущерба.

При таких обстоятельствах вывод суда апелляционной инстанции о возмещении Е. лишь суммы понесенных расходов по делу и невозмещении причиненного преступлением ущерба потерпевшим противоречит ранее вынесенным судебным актам в отношении соучастника преступления, имеющих преюдициальное значение.

В этой связи решение суда в части удовлетворения гражданского иска о взыскании с осужденного А. имущественного вреда в пользу потерпевшего К. 4 950 000 тенге, в пользу потерпевшего Н. 1 850 000 тенге является незаконным и подлежит отмене.

Кроме того, судебная коллегия приходит к выводу, что осуждение А. по части 3 статьи 287, пункту 2) части 3 статьи 293 УК не основано на законе и материалах дела.

Так, в соответствии с требованиями части 4 статьи 19 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан (далее – УПК) обвинительный приговор не может быть основан на предположениях и должен быть подтвержден достаточной совокупностью достоверных доказательств.

Суды нижестоящих инстанций, обосновывая вину осужденного в совершении преступлений, предусмотренных по части 3 статьи 287, пункту 2) части 3 статьи 293 УК, сослались на: данные по передвижению и фотоотчеты с камер видеонаблюдения автомашины марки «Тойота Камри» за государственным номером 022 МСА 08 от 26 марта 2020 года, закрепивших факт нахождения автомашины под управлением А. на месте происшествия; показания свидетеля под псевдонимом «Кайрат»; проведенную детализацию на абонентский номер осужденного.

Между тем ни в ходе досудебного расследования, ни в суде достоверно не установлено, что за рулем автомашины находился именно А., указанная

автомашина зарегистрирована на имя его матери Д. и фактически принадлежит его сестре Ф.

Суд апелляционной инстанции сослался также на показания свидетеля под псевдонимом «Кайрат», показания которого не получили какой-либо оценки в приговоре. Противоречия в его показаниях в отношении лица, производившего выстрелы, и показаниях потерпевших судом не были устранены. Указанный свидетель не описывал стрелявшего из пистолета парня, он лишь показал, что услышал имя «Темирлан».

Атқарушылық іс жүргізудің мақсаты бұзылған немесе даулы құқықтарды немесе заңмен қорғалатын мүдделерді нақты қалпына келтіруді қамтамасыз ету болып табылады.

Сот орындаушысының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымданудың мақсаты атқарушылық іс жүргізудегі сот бақылауын білдіреді. Оның мақсаты атқарушылық іс жүргізу тараптарының құқықтары мен мүдделерін қорғау болып табылады.

Атқарушылық іс жүргізу мәселелерін реттейтін негізгі нормативтік құқықтық актілер:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- ӘРПК;
- АК;
- АПК;
- «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» туралы заң;

- «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

- «Соттардың атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманың кейбір нормаларын қолдануы туралы» ЖС-ның 2017 жылғы 31 наурыздағы № 1 НҚ;

- «Сот актілерін орындамағаны үшін жауаптылық туралы» ЖС-ның 2003 жылғы 19 желтоқсандағы № 12 НҚ;

- Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 100 бұйрығымен бекітілген қағидалар;

- «Жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 мамырдағы № 437 қаулысы.


2. Статистикалық деректер

2.1. Бірінші сатыдағы соттарға талап қоюлардың келіп түсуі

Талданып отырған кезеңде республика соттарына барлығы 9 140 талап қою келіп түсті (2020 жылы – 8 550, 2021 жылдың 1-жартыжылдығында – 5 685, 2021 жылдың 2-жартыжылдығында – 4 923, 2022 жылы – 4 217 талап қою).

Келіп түскен талап қоюлардың саны бір деңгейде, яғни айтарлықтай өсу немесе кему байқалмайды.

Талданатын істердің санаты бойынша 2020-2022 жылдары талап қоюлардың келіп түсуі.




Ағымдағы жылы түсім көрсеткіші **8% - ға төмендеді.**

Бұл төмендеу маңызды емес, алайда жасалатын атқарушылық әрекеттер сапасының жақсару үрдісі байқалады.

ӘРПК-нің шеңберінде келіп түскен талап қоюлардың ең көп саны Алматы (1 971), Астана (1 884) қалаларында байқалды.

ӘРПК қолданылған 1 жыл ішінде өңірлерде талданатын істер санаты бойынша келіп түскен талап қоюлар саны



2.2. Бірінші сатыдағы соттар аяқтаған істердің саны (оның ішінде шешім шығарылып, талап қоюлар қайтарылып, тараптардың татуласуымен және соттылығы бойынша қаралған істер)

ӘРПК шеңберінде талданатын кезеңде **барлығы 8 273 іс немесе 90,5%-ы** (2021 жылы – 4 287, 2022 жылы – 3 986) қаралды. Оның ішінде:

шешім шығарылып 2 788 іс немесе 33,7%-ы (2021 жылы – 1 471, 2022 жылы – 1 317) қаралды. Оның ішінде:

талап қоюлар қанағаттандырылып 1263 немесе 45,3% (2021 – 639, 2022 – 624), оның ішінде ішінара – 393 (2021 жылы – 135, 2022 жылы – 258);

қанағаттандырудан бас тартылып 1 525 немесе 54,7% (2021 жылы – 832, 2022 жылы – 693),

талап қоюлар қайтарылып (татуласуды есепке алмағанда) **3 038 іс** немесе 37%-ы (2021 – 1 670, 2022 – 1 368),

тараптар татуластырылып 2 378 іс немесе 28,8%-ы (2021 – 1100, 2022 – 1 278),

соттылығы бойынша жіберіліп 69 іс немесе 1% (2021 жыл – 46, 2022 – 23) аяқталды.

Іс жүзінде даулар сотта және соттан тыс тәртіппен азаматтардың пайдасына шешілді, яғни **5 658 іс бойынша** сотқа жүгінгеннен кейін немесе **68,4%-ы** шешілді (*талап қоюды кері қайтарып алуға байланысты*


қайтарылғандар - 2017 немесе 35,6%, қанағаттандырылған шешімдер – 1 263 немесе 22,4%, татуласу – 2 378 немесе 42%).

Талданатын даулар санатының әкімшілік әділет қағидаттары және әкімшілік сот ісін жүргізу құралдары қолданыла отырып ӘРПК қағидалары бойынша қаралуы осы санаттағы істерді қарау нәтижелеріне оң әсер етті.

Белсенді рөл қағидатын іске асыру соттың дауды шешуіне немесе дауды соттан тыс реттеуге байланысты талап қоюды қайтарып алуға ықпал етті. Мысалы, жауапкердің өзі даулы актінің күшін жояды немесе сол дау шешілетін әрекеттерді жасайды.


ӘРПК қолданылған 1 жыл ішінде істердің талданатын санаты бойынша талап қоюларды нақты қанағаттандыру

68% қанағат.



Әрекеттердің заңсыздығын сот анықтаған немесе жауапкердің өзі мойындаған істер едәуір мөлшерді құрайды. Деректер атқарушылық әрекеттерді жүзеге асыру шеңберіндегі жүйелі проблемаларды, сот орындаушыларының заңнама нормаларын дұрыс қолданбауын, атқарушылық іс жүргізуге қатысушылардың тарапынан құқықтарды теріс пайдалануды білдіреді.

2020-2022 жылдары істердің талданатын санаты бойынша талап қоюлардың қанағаттандырылуы.



АПК және ӨРПК қағидалары бойынша талданатын санатты қарау нәтижелерін салыстырмалы талдау сот орындаушыларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану туралы талаптарды қарау кезінде ӨРПК нормаларының тиімді болғанын көрсетеді.


Расталған шағымдар санының өсуі сот орындаушыларының жұмыс сапасының нашарлағанын білдірмейді.

Әкімшілік процестің шеңберінде ӨРПК қағидаттарын (соттың белсенді рөлі, әділеттілік, мөлшерлестік), процестік мәжбүрлеу шараларын (ақшалай өндіріп алу) және татуластыру рәсімдерін қолдану талданатын санаттағы істерді қарау сапасын едәуір арттырды.

2.2.1. Жеке және заңды тұлғалардың пайдасына шығарылған шешімдер:

- жеке тұлғалар - 691 немесе 54,7%;
- заңды тұлғалар - 291 немесе 23%;
- кәсіпкерлік субъектілері - 258 немесе 20,4%;
- уәкілетті органдар - 12 немесе 1%;
- ЖАО - 3 немесе 0,2%;
- ОМО - 2 немесе 0,1%;
- өзге де адамдар - 6 немесе 0,5%.

Тараптар арасында істердің талданатын санаты бойынша қанағаттандырылған талап қоюлардың ең көп саны:




2.2.2. Бірінші сатыдағы соттардың талап қоюларды қайтаруы

2020 жылы 2 472 немесе 41,2%, 2021 жылдың 1-жартыжылдығында 1 920 немесе 53,5% талап қою қайтарылды.

Талдау жасалған кезеңде соттар 3 038 (2021 жылы – 1 670, 2022 жылы – 1 368) талап қоюды қайтарды. Бұл келіп түскен істердің жалпы санының 33,2% -ын құрайды.

Жалпы алғанда, талдау жасалған кезеңдерде бұл көрсеткіш 4,9%-ға төмендеді (302).

2020-2022 жылдары істердің талданатын санаты бойынша қайтарылған талап қоюлар саны



2.2.3. Қайтарудың ең көп саны:

- талап қоюшының қойған талабын қайтарып алуы - **2017** (2021 – 995, 2022 – 638);

- соттың талап қоюдың өткізіп алған мерзімін қалпына келтіруден бас тартуы - **328** (2021 – 181, 2022 – 147);

- әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жатпайтын істер – **220** (2021 – 149, 2022 – 71);

- істің соттың қарауына жатпауы – **196** (2021 – 143, 2022 – 53);


- сотқа талап қою мерзімін себепсіз өткізіп алу – **74** (2021 – 50, 2022 – 24);

- сол тараптар арасындағы сол нысана туралы дау бойынша және сол негіздер бойынша шығарылған, заңды күшіне енген соттың шешімі немесе келісімді бекіту туралы соттың ұйғарымы, барлығы – **27** (2021 – 14, 2022 – 13).


Бұл ретте, 2020 жылы талап қоюды қайтарып алуға байланысты 14 немесе 0,5%, 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында 8 немесе 0,4% іс қайтарылды.

Әкімшілік талап қоюды қайтарып алу дауды бітімгершілік жолмен шешуге немесе соттың істі қарау келешегін түсіндіруге байланысты болды.

ӘРПК қолданылған 1 жыл ішінде өңірлер арасында талданатын істер санаты бойынша қайтарулар саны




ӘРПК қолданылған 1 жыл ішінде өңірлер арасында талданатын істер санаты бойынша қайтарулар үлесі



Ақмола (51,4%), Түркістан облыстарында ең көп қайтару (50,2%).


ӘРПК қолданылған 1 жыл ішінде өңірлер арасында талданатын істер санаты бойынша татуласулар саны



Соттар 2 378 немесе 29% істі тараптарды татуластырып аяқтады (2021 – 1 100, 2022 – 1 278) (9-тармақ), оның ішінде тараптар жасасқан құжаттар:

- медиативтік келісімдер – 2 114 немесе 88,9% (2021 – 971, 2022 – 1 143);
- татуласу туралы келісімдер – 249 немесе 10,5% (2021 – 125, 2022 – 124);
- партисипативтік рәсім тәртібімен жасалған келісімдер – 15 немесе 0,6% (2021 – 4, 2022 – 11 іс).

ӘРПК қолданылған 1 жыл ішінде өңірлер арасында талданатын істер санаты бойынша татуласу үлесі



Осы ретте осы талданатын кезеңдерде басқа санаттардың ішінде қаралған әкімшілік істер ең жоғары көрсеткіш екенін айта кету керек.

Даулардың талданатын санаты бойынша ӘРПК-де белгіленген татуласу құқығы істердің едәуір санын бітімгершілік жолмен шешуге мүмкіндік берді.

Белсенді рөл қағидатын іске асыру және соттардың татуластыру рәсімдерін жүргізу алгоритмдерін қолдануы дауды сот шешімін шығармай шешуге мүмкіндік береді.

Мәселен, егер істердің барлық санаттары бойынша татуласу саны 3 414 (2021 – 1414, 2022 – 2000) немесе 14%-ды құрады, оның ішінде татуласудың 70%-ы сот орындаушыларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану жөніндегі даулар санатына қатысты болды.

2.3. Сот орындаушыларының әрекеттеріне шағымдану жөніндегі істердің кіші санаттары


Сот орындаушыларының әрекеттеріне келіп түскен шағымдардың жалпы санынан мынадай талаптар сот практикасында жиі кездеседі:

- алименттер бойынша берешекті анықтау бойынша – **858**;
- орындауды қамтамасыз ету шараларын қабылдау бойынша – **841**;
- тыйым салынған мүлікті сату бойынша – **826**;
- атқарушылық санкцияны, орындау бойынша шығыстарды, өсімпұлды және ЖСО қызметіне ақы төлеу сомасын өндіріп алу және олардың мөлшерін айқындау – **652**;
- атқарушылық іс жүргізу тараптары бермеген, құқық туралы АПК-нің 251-бабының тәртібімен құқық туралы даулар – **109**.

Анықталған деректердің негізінде талдауда аталған даулардың ішкі санаттары бойынша сот практикасы көрсетілген.

ӘРПК қолданылған 1 жыл ішінде талданатын істер санаты бойынша сот практикасында кездескен талаптардың ең көп саны

- алименттер бойынша берешекті анықтау бойынша
- тыйым салынған мүлікті сату бойынша
- орындалуын қамтамасыз ету шараларын қабылдау бойынша
- орындаушылық санкцияны, орындау бойынша шығыстарды, өсімпұлды және ЖСО қызметіне ақы төлеу сомасын өндіріп алу және олардың мөлшерін айқындау



2.4. Жекеше ұйғарымдар шығару

Талданатын кезеңдерде бірінші сатыдағы соттар 416 жекеше ұйғарым шығарды (2021 жылы – 191, 2022 жылы – 225), апелляциялық сатыда – 28 (2021 жылы – 12, 2022 жылы – 16), кассациялық сатыда – 2 (2021 жылы – 1, 2022 жылы – 1).

Негізінен жекеше ұйғарымдар жеке сот орындаушыларының атына, оның ішінде олардың шығарылған жері мен атына шығарылды:

талап қоюшының (өкілдің) ақысы – 2 немесе 0,5%;

РП ЖСО – 59 немесе 14,2%;

ӘД – 26 немесе 6,25%;

өзге де адамдардың үлесі – 9 немесе 2,1%.

Жеке ұйғарымдардың едәуір саны сот орындаушыларының қызметінде проблемалардың болуын, заңнама нормаларының дұрыс қолданылмауын және осы саладағы жұмысты сапалы жақсарту қажеттілігін көрсетеді.

2.5. Ақшалай өндіріп алу

«Төрелік» АЖ мәліметтеріне сәйкес, бірінші сатыдағы соттар 162 (2021 – 85, 2022 – 77), апелляциялық саты 1 (2021 – 0, 2022 – 1), кассациялық саты 2 (2021 – 0, 2022 – 2) ақшалай өндіріп алуды қолданды.

Оның ішінде талап қоюшыға – 1, талап қоюшылардың өкілдеріне – 2, МСО – 3, мүдделі адамдар мен олардың өкілдеріне – 13, ЖСО – 143.

2.6. Бірінші сатыдағы соттардың күші жойылған және өзгертілген шешімдерінің саны

Апелляциялық сатыдағы соттарға жергілікті соттардың сот актілеріне 1 548 (2021 жылы – 658, 2022 жылы – 890) шағым (өтінішхат) түсті.

Бірінші сатыда шығарылған шешімдердің санын ескере отырып есептегенде шағымдану пайызы 55,5%-ды немесе әрбір екінші шешімді құрады.

Олардың ішінде:

- күші жойылғандары 106 (2021 – 67, 2022 – 39) немесе 6,8%,

- өзгертілгендері 76 (2021 – 28, 2022 – 48) немесе 4,9%,

- өзгеріссіз қалдырылғандары 1 128 (2021 – 465, 2022 – 663) немесе 72,9%,


- кері қайтарылып алынғандары 113 (2021 – 37, 2022 – 76) немесе 7,3%,

- қалғандары 125 (2021 – 61, 2022 – 64) немесе 8,1%.


Түзетілген сот актілерінің саны осы санат бойынша сот төрелігін жүзеге асыру сапасының жақсы екенін көрсетеді.

Сонымен қатар бірінші сатыда қабылданған шешімдерді жете түсіндірмеу мен уәждеу әрбір екінші шешімге шағым беруге себеп болып отыр.

2.6.1. Өңірлер бойынша бірінші сатыдағы соттардың күші жойылған шешімдері



2.6.2. Өңірлер бойынша бірінші сатыдағы соттардың өзгертілген шешімдері



2.7. Апелляциялық сатыдағы соттардың күші жойылған және өзгертілген қаулыларының саны

ЖС ӘІСА-ға талданатын істер санаты бойынша 481 кассациялық шағым түсті (2021 – 95, 2022 – 386).

Шағымдар мен өтінішхаттар бойынша аяқталған істердің барлығы – 217 (2021 – 10, 2022 – 207).


Олардың ішінде:

- күші жойылғандары – 15 (2021 – 2, 2022 – 13) немесе 6,9%,
оның ішінде бірінші сатыдағы соттардың шешімдерін қалтына келтіре отырып – 2 (ШҚО – 1, Шымкент – 1),
- өзгертілгендері – 5 (2021 – 0, 2022 – 5) немесе 2,3%,
- өзгеріссіз қалды 168 (2021 – 8, 2022 – 60) немесе 77,4%,
- қараусыз қайтарылғандары 11 (2021 – 0, 2022 – 11) немесе 5,1%,
- түсіндірме беріліп қайтарылғандары 18 (2021 – 0, 2022 – 18) немесе 8,3%,
- қалған шағымдар мен өтінішхаттар 365 немесе 24,1% (2021 – 87, 2022 – 278).

Жергілікті соттардың қаралған ұйғарымдары 25, оның 1-еуінің күші жойылды (*Маңғыстау облысы*), 27-сі өзгеріссіз қалдырылды.


2021 жылдың 2-жартыжылдығымен салыстырғанда 2022 жылдың 1-жартыжылдығында келіп түскен шағымдар мен өтінішхаттар саны төрт есеге жуық өсті.

Мыналар бірінші және апелляциялық сатыдағы соттардың негізгі заң бұзушылықтары болып табылады: материалдық және процестік құқық нормаларын дұрыс қолданбау, іс үшін маңызы бар мән-жайлар шеңберін дұрыс анықтамау және нақтыламау, шешімде баяндалған сот тұжырымдарының істің мән-жайларына сәйкес келмеуі.



Қалған өңірлерде апелляциялық шағымдар жойылған жоқ.

2.7.2. Өңірлер бойынша апелляциялық сатыдағы соттар қаулыларының өзгертілуі



Қалған өңірлерде апелляциялық қаулылар өзгертілген жоқ.

3. Процестік ерекшеліктер

3.1. Талап қоюды қайтару

ӘРПК-нің 138-бабының екінші бөлігінде әкімшілік талап қоюды қайтару үшін 17 негіз көзделген.

Қаралып отырған санаттағы істер көбіне мынадай негіздер бойынша қайтарылды:

ӘРПК-нің 138-бабы екінші бөлігінің 6) тармақшасы – талап қоюшы берілген талап қоюды кері қайтарып алды;

ӘРПК-нің 138-бабы екінші бөлігінің 9) тармақшасы – тараптар татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасты және оны сот бекітті;

ӘРПК-нің 138-бабы екінші бөлігінің 11) тармақшасы – іс әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жатпайды;

ӘРПК-нің 138-бабы екінші бөлігінің 17) тармақшасы – іс осы соттың қарауына жатпайды.

Сондай-ақ талап қоюды қайтару негіздемесі ӘРПК-нің 136-бабының сегізінші бөлігінде көзделген, оған сәйкес талап қоюды сотқа беруге арналған мерзімді дәлелді себепсіз өткізіп алу, сондай-ақ сотқа жүгінудің өтіп кеткен мерзімін қалпына келтірудің мүмкін болмауы талап қоюды қайтару үшін негіз болып табылады.

Талданып отырған санат бойынша талап қоюларды қайтару туралы мәселені шешу соттарға қиындық тудырмайды.

Бұл ретте, соттың белсенді рөлі қағидатын іске асыру бітімгершілік жолмен шешілген істер санын едәуір арттыруға мүмкіндік берді (келісім жасасу не талап қоюды кері қайтарып алу).

3.2. Талап қоюды беру мерзімі (мерзімдерді қалпына келтіру практикасы)

ӘРПК-нің 136-бабының төртінші бөлігінде сот орындаушысының атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) талап қою әрекет жасалған (әрекет жасаудан бас тартылған) күннен бастап немесе сот орындаушысының әрекет жасау уақыты мен орны туралы хабарланбаған өндіріп алушыға немесе борышкерге ол туралы белгілі болған күннен бастап он жұмыс күні ішінде сотқа берілетіні көзделген.

Мұндай мерзімді белгілеу атқарушылық іс жүргізудің үздіксіздігін қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты және оны сот арқылы қорғау құқығын бұзу ретінде қарауға болмайды.

Практикада борышкерлер атқарушылық іс жүргізу мерзімдерін ұзарту мақсатында тараптың атқарушылық іс жүргізу материалдарымен уақтылы таныспағаны туралы дәлелдер келтіре отырып сот орындаушыларының әрекеттеріне шағым жасайтын істер кездеседі. Осыған байланысты талап қоюлар сотқа жүгіну мерзімдерін бұза отырып беріледі.

Даулардың осы санатын қарау кезінде атқарушылық іс жүргізу материалдарын зерделеуге және атқарушылық іс жүргізу тараптарын жасалған әрекеттер туралы хабардар ету тәсілдері мен күндерін анықтауға ерекше назар аудару қажет.

ӘРПК-нің 134-бабының жетінші бөлігі бойынша дәлелді себептермен өткізіп алған талап қою мерзімін сот АПК-нің қағидалары бойынша қалпына келтіре алады. Сотқа талап қою мерзімдерін өткізіп алу себептерін және олардың әкімшілік істі дұрыс шешу үшін мәнін сот алдын ала тыңдауда анықтайды.

АПК-нің 126-бабының 2-тармағына сәйкес, егер белгіленген мерзімдерді өткізіп алу себептерін сот дәлелді деп таныса, сот оларды қалпына келтіруі мүмкін. Бұл ретте, мерзімді өткізіп алудың дәлелділігі жарамды және қатысты дәлелдемелермен расталуға тиіс.

Талдау көрсеткендей, соттар мерзімді өткізіп алу себептері объективті болмаған және талап қоюшының сотқа уақтылы жүгінуіне кедергі келтіретін қандай да бір фактілердің бар екендігін куәландырмаған кезде талап қоюларды қайтарады.

Мысалы, ЖСО-ның іс жүргізуінде мүлікке өндіріп алуды қолдану туралы атқарушылық іс жүргізу болды. Электрондық сауда-саттық

2019 жылғы 4 қаңтарда өткізілді, ал борышкер оның нәтижелеріне шағымданды. Соттар талап қоюды қайтара отырып, сот орындаушысының әрекетіне шағымдану үшін мерзімді өткізіп алу себептерінің дәлелділігіне жарамды және қатысты дәлелдемелер ұсынылмағанын атап көрсетті.

Талап қоюшының электрондық сауда-саттыққа шағымдану мерзімі үш жыл деген дәлелдері негізсіз. Өйткені бұл дау сот орындаушысының атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі әрекеттерінен туындайды (6001-22-00-бап/726).

Тағы бір мысал мерзімді өткізіп алу себептерінің дәлелді екендігіне дәлелдемелердің болмауына байланысты. Талап қоюшы атқарушылық іс жүргізу материалдарымен 2021 жылғы 8 ақпанда танысты. Бұл туралы істе қолхат бар. Алайда талап қоюшы белгіленген 10 күндік мерзімде сотқа жүгінбеген. Сотқа жүгіну мерзімін өткізіп алу туралы өтінішхатта берешек сомасын іс жүзінде өндіріп алу туралы талап қоюшыға 2021 жылғы 29 қыркүйекте белгілі болғаны көрсетілген. Ол 2021 жылдың қазан, қараша айларында науқастануына байланысты сотқа шағым дайындауға мүмкіндігі болмады. Сот оның мерзімді өткізіп алу себептерін дәлелдей алмайтынын көрсете келіп тиісті баға берді (№ 6001-22-00-бап/398).

3.3. Сот шешіміне шағымдану мерзімі

ӘРПК-нің 168-бабының төртінші бөлігінде сот орындаушыларының әрекеттерін (әрекетсіздігін) даулау туралы әкімшілік істер бойынша апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім шығарылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде берілуі мүмкін деп көзделген.

Сот актісі жарияланған күн шешім шығарылған күн болып есептеледі.

Соттар сот шешімін түсіндіру кезінде тараптарға шағымдану мерзімдерінің ерекшеліктері туралы көрсетуге тиіс.

Дауларды жедел қарау үшін кепілдіктерді қамтамасыз ету және борышкерлер тарапынан құқықты теріс пайдалануды болдырмау мақсатында апелляциялық сатының қаулысы жарияланған күнінен бастап сот шешімінің заңды күшіне енуін көздеу қажет.

3.4. Атқарушылық іс жүргізуді тоқтата тұру

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 42-бабының 13) тармақшасына сәйкес, атқарушылық іс жүргізу сот атқарушылық іс жүргізуді талап еткен жағдайда бір жұмыс күні ішінде тоқтатыла тұруға тиіс.

Практикадан соттар әрекеттер туралы ұйғарымда келіп түскен әкімшілік іс бойынша атқарушылық іс жүргізу материалдарын талап еткені байқалады.

Атқарушылық іс жүргізу материалдарын алғаннан кейін соттар істі мәні бойынша қарағанға дейін не сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін атқарушылық іс жүргізу материалдарын қайтармайды.

Мұндай практика атқарушылық іс жүргізуді ұзақ уақытқа тоқтата тұруға, өндіріп алушының құқықтарын бұзуға әкеп соғады және әкімшілік сот ісін жүргізудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келе бермейді.

Заң бұзушылықтарды болдырмау және атқарушылық іс жүргізу тараптарының құқықтарын сақтау мақсатында мынадай бірізділікті сақтау қажет:

- атқарушылық іс жүргізу материалдарын келіп түскен әкімшілік іс бойынша соттың әрекеті туралы ұйғарымымен талап етіп алдырту;

- сот орындаушысынан атқарушылық іс жүргізудің түпнұсқаларын қағаз немесе электрондық нұсқада алу;

- дауды қарау үшін қажетті материалдарды әкімшілік іс материалдарына қосу;

- қажеттілік өткеннен кейін атқарушылық іс жүргізуді қайтару.

Әкімшілік талап қою нысанасының негізінде жауапкердің даулы кезең шеңберінде атқарушылық әрекеттерден бас тартқаны жөн.

Осылайша, сот орындаушысынан атқарушылық іс жүргізу материалдарын талап еткен сот ұйғарымы болған кезде, сот материалдарды ресми қайтарғанға дейін сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізуді тоқтата тұру туралы қаулы шығаруға тиіс.

Осы процестік мәселе бойынша біркелкі практиканы қалыптастыру үшін «Соттардың атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманың кейбір нормаларын қолдануы туралы» ЖС НҚ-да түсіндірме беру қажет.

3.5. Мемлекеттік бажды өндіріп алу

Сот орындаушыларының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану туралы талап қою бойынша талап қоюшылар «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 616-бабының 15) тармақшасына сәйкес сотқа талап қою берген кезде мемлекеттік баж төлеуден босатылады.

ӘРПК-нің 122-бабының бірінші бөлігіне сәйкес, сот шығыстарын бөлу жөніндегі мәселелер АПК-нің қағидалары бойынша қаралады.

АПК-нің 117-бабының бірінші бөлігі бойынша, талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік бажды, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындарды сот шығыстарды төлеуден босатылмаған жауапкерден толық немесе талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды мөлшерде мемлекет кірісіне өндіріліп алады.

Талап қою қанағаттандырылған кезде мемлекеттік баж сот орындаушысынан талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне сәйкес жергілікті бюджеттің кірісіне өндіріп алуға жатады.

Мемлекеттік баждың мөлшерлемесі «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 610-бабы 1-тармағының 8) тармақшасының (0,5 АЕК) қағидалары бойынша есептеледі.

4. Әкімшілік соттарға талап қоюлардың ведомстволығы

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 127-бабына сәйкес, өндіріп алушы немесе борышкер сот орындаушысының атқарушылық құжатты орындау жөніндегі шешіміне және әрекетіне (әрекетсіздігіне) немесе осындай әрекеттер жасаудан бас тартуына сотқа шағым жасауы мүмкін. Шағым сотқа Қазақстан Республикасының әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен беріледі.

Көрсетілген норма мазмұнының негізінде сот орындаушысының әрекеттеріне атқарушылық іс жүргізу тараптары ғана сотқа шағым беруге құқылы.

Сонымен бірге практикада атқарушылық іс жүргізудің тараптары болып табылмайтын адамдардың сот орындаушыларымен дауласуы жиі кездеседі. «Соттардың атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманың кейбір нормаларын қолдануы туралы» ЖС НҚ 2-тармағында мүдделі адамдардың ЖСО-ның әрекеттерін даулау құқығы көзделген.

ӘРПК-нің 9-бабының бірінші бөлігі бойынша әркім бұзылған немесе дауланатын құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қорғау үшін осы Кодексте белгіленген тәртіппен әкімшілік органға, лауазымды адамға немесе сотқа жүгінуге құқылы.

Аталған норма мүдделер болған жағдайда сот тәртібімен қорғау құқығын көздейді.

Атқарушылық іс жүргізудің тараптары болып табылмайтын адамдардан талап қою арыздары келіп түскен кезде соттар даулы құқықты қорғаудың және қалпына келтірудің өзге тәсілінің бар-жоғын және талап қоюшы үшін жасалған әрекеттерден тікелей құқықтық салдарлар туындағанын тексеруге тиіс.

Мысалы, АҚ ЖШС-дан 220 989 149 теңге сомасындағы берешекті, сот шығыстарын өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша өндіріп алушы болып табылады.

Сондай-ақ ЖШС жалпы сомасы 17 569 000 теңгеге 8 жеке тұлғаның пайдасына жалақы бойынша берешекті өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкер болып табылады. Жалақы бойынша берешекті өндіріп алуды орындау шеңберінде АҚ ЖСО-ның әрекеттеріне шағым жасаған, оның жауапкердің өзіне құқықтық салдар туғызатын әрекеттерді даулау бойынша талап қою құқығына ие. Өйткені өткізілген

мүлік Инвестициялау туралы шарттың талаптары шеңберінде салынған және Кепіл шартының негізінде кепіл нысанасы болып табылады. Соттар талаптарды мәні бойынша қарап, талапты ішінара қанағаттандырды (6001-22-00-бап/607).

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның нормаларын әртүрлі түсіндіруді болдырмау үшін «Соттардың атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманың кейбір нормаларын қолдануы туралы» ЖС НҚ-да мүдделі адамның сот орындаушыларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) сот тәртібімен шағымдануға құқығы болатын жағдайларды нақтылау қажет.

Талап қоюшы сот орындаушыларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану кезінде өзінің материалдық немесе құқықтық мүдделілігін дәлелдеуге міндетті. Алайда нақты құқықтық мүдделілік болмаған және қорғаудың басқа тәсілі болған кезде, мұндай адамдардың талап қоюлары қайтарылуға жатады. Мысалы, сатылған мүліктің кепіл ұстаушысы болып табылмайтын адамның талап қоюы қайтарылды (6001-22-00-бап/394).

5. Соттардың ден қою шаралары:

5.1. Жекеше ұйғарымдар шығару

АПК-нің 270-бабының бірінші бөлігіне сәйкес, заңдылық бұзылған жағдайлар анықталған кезде сот жеке ұйғарым шығаруға және оны жіберуге құқылы, ал егер заң бұзушылыққа мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілер тарапынан жол берілсе, сот жеке ұйғарым шығарады және оны басқару функцияларын атқаратын тиісті ұйымдарға, лауазымды немесе өзге де тұлғаларға жібереді, олар өздері қолданған шаралар туралы бір ай мерзім ішінде хабарлауға міндетті.

Соттар МСО-ға және ЖСО-ға қатысты жекеше ұйғарымдарды тиісті ден қою шараларын қабылдау үшін Республикалық сот орындаушылары палатасына, Жеке сот орындаушыларының өңірлік палаталарына, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жібереді.

Талданып отырған санат бойынша жекеше ұйғарым шығару практикасы соттардың жекеше ұйғарымдар сот шешімдерінде анықталған заң бұзушылықтар бойынша шығарылатынын көрсетеді. Бұл ретте, заң бұзушылықтар бағалау сипатында болады не сот орындаушылары тарапынан өрескел заң бұзушылықтар ретінде бағалауға болмайды.

Әкімшілік істі қарау барысында анықталған заң бұзушылықтарға ден қою шарасы ретінде жекеше ұйғарым сот шешімінде анықталған заң бұзушылықтарды қайталамауға тиіс.

Сот орындаушыларына жекеше ұйғарымдар шығару кезінде мынадай факторларды ескеру қажет:

- бір атқарушылық іс жүргізу шеңберінде сот орындаушысының заңнама нормаларын жүйелі түрде бұзуы;
- атқарушылық іс жүргізу тараптары үшін заң бұзушылықтардың салдарынан туындаған елеулі құқықтық салдарлар;
- атқарушылық әрекеттерді жасау кезінде азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылуы.

5.2. Процестік мәжбүрлеу шараларын қолдану

Істі қарау кезінде процестік заңнама нормаларының бұзылуы анықталған жағдайда ақшалай өндіріп алу түріндегі процестік мәжбүрлеу шаралары қолданылады.

ӘРПК-нің 127-бабына сәйкес, сот процестік құқықтарды теріс пайдаланатын немесе процестік міндеттерді орындамайтын тұлғаға, оның ішінде сот белгілеген мерзімді дәлелсіз себептермен бұза отырып дәлелдер ұсынылған, тапсырмалар орындалған жағдайларда, егер бұл әкімшілік істі қараудың созылуына алып келсе, әрбір әрекет (әрекетсіздік) үшін он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы.

Соттың талабын, сұрау салуын орындамағаны, әкімшілік іске қатысушы адамның сотқа келмегені, сотқа уақтылы хабарламағаны, кері қайтарып алуды уақтылы бермегені, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбағаны, сотта белгіленген қағидаларды бұзғаны, сондай-ақ сотты және (немесе) судьяны құрметтемегені туралы анық куәландыратын өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) үшін сот жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы.

Соттың шешімін, соттың тараптардың татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімін бекіту туралы ұйғарымын орындамағаны үшін сот осы сот актісінде ол бір айдан аспайтын мерзім ішінде орындалуға жататын мерзімді көрсете отырып, жауапкерге елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолданады.

Талданып отырған кезеңде сотта ақшалай өндіріп алу түріндегі процестік мәжбүрлеу шараларын қолдану практикасы қалыптасты.

Сот орындаушыларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану туралы даулардың санаты бойынша көбіне жауапкерлерге ақшалай өндіріп алу мынадай:

- пікірді уақтылы ұсынбау;
- атқарушылық іс жүргізу материалдарын уақтылы ұсынбау;
- атқарушылық іс жүргізу материалдарын толық көлемде бермеу;
- дәлелді себепсіз сот отырысына келмеуі (не онлайн форматта қосылмау) себептері бойынша қолданылады.

5.3. Талаптарды тұжырымдау

Сот орындаушыларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану туралы әкімшілік талап қою кезінде талап қоюшылар талаптарды әртүрлі редакцияларда мәлімдейді.

ӘРПК-нің 132-бабына сәйкес, ауыртпалық түсіретін әкімшілік актіде талап қоюшының құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда, ол әкімшілік актінің толық немесе оның қандай да бір бөлігінің күшін жоюды даулау туралы талап қоюға құқылы.

Сот орындаушысы шығарған қаулымен келіспеген жағдайда осы қаулыны заңсыз деп тану туралы мәлімделеді. Әрекеттерді заңсыз деп тану туралы бір мезгілде талап қою талап етілмейді.

ӘРПК-нің 84-бабының екінші бөлігіне сәйкес, заңсыз әкімшілік актінің толық немесе бір бөлігінің күші жойылуы мүмкін.

Қаулы заңсыз деп танылған жағдайда сот аталған қаулының күшін жояды.

6. Даулардың санаттары

6.1. Атқарушылық іс жүргізуді қозғау

Атқарушылық іс жүргізуді қозғау сатысындағы сот орындаушыларының әдеттегі қателіктері:

атқарушылық құжатты мәжбүрлеп орындауға ұсыну мерзімінің дұрыс есептелмеуі;

аумақтық қағидатын бұза отырып атқарушылық іс жүргізуді қозғау;

атқарушылық құжаттың «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның талаптарына сәйкес келмеуі болып табылады.

Сот орындаушысы атқарушылық құжаттың негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғайды.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 9-бабында атқарушылық құжаттардың толық тізбесі көзделген.

Бұл тізбе кеңейтілген талқылауға жатпайды.

Атқарушылық құжаттарды орындауға ұсыну мерзімдері «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 11-бабымен регламенттелген. Бұл ретте, өткізіп алған мерзімді сот актісін шығарған сот немесе орындау орны бойынша сот қана қалпына келтіре алады.

Атқарушылық құжатты орындауға ұсыну мерзімі:

1) атқарушылық құжатты орындауға ұсыну арқылы;

2) борышкердің атқарушылық құжатты ішінара орындауы, бұл туралы сот орындаушысы атқарушылық құжатта белгі жасайды;

3) борышкерді іздестіру кезеңінде үзіледі.

Үзілістен кейін мерзімнің өтуі қайтадан басталады, бұл ретте үзіліске дейінгі өткен уақыт жаңа мерзімге есептеледі.

Көрсетілген норманы сөзбе-сөз түсіндіруге сүйене отырып, орындауға ұсыну мерзімін есептеу үшін орындауға алғашқы ұсыну күнінен бастап мерзім үзілісінің барлық кезеңдерін белгілеу қажет.

Мысалы, соттың 2016 жылғы 9 желтоқсандағы ұйғарымымен Г. мен А. арасындағы келісім бекітілді. Ол бойынша соңғы қор алдындағы берешекті өтеу жөніндегі міндеттемені қабылдады. ЖСО 2021 жылғы 20 қазанда қордың арызы бойынша атқарушылық іс жүргізуді қозғады.

Атқарушылық іс жүргізуді қозғау жөніндегі әрекеттерді заңсыз деп тани отырып, соттар келісім бойынша атқару парағын орындауға ұсыну мерзімі 2019 жылы аяқталды деген тұжырымға келді. Бұдан басқа, қордың атқару парағын ұсынуға құқығы жоқ. Кассациялық саты соттардың тұжырымдарын негізді, ал сот актілерін заңды деп таныды (6001-22-00-бап/537).

Бұдан бұрын («Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңға өзгерістер енгізілгенге дейін 2020 жылғы 10 қаңтарда) мерзімнің үзілісі орындауға ұсыну мерзімдерін іс жүзінде «нөлге» айналдырды. Ағымдағы редакцияда «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның нормасы үзіліске дейін өткен уақытты жаңа мерзімге енгізуді көздейді.

Тиісінше атқару парағын орындауға ұсыну мерзімін есептеу үшін атқару құжаты мәжбүрлеп орындалмаған барлық кезеңді (атқару парағы берілген күннен бастап) ескеру қажет.

ЖСО атқарушылық құжатты орындауға ұсыну мерзімін дұрыс есептемеген жағдайлар кездеседі. Мысалы, соттың 2014 жылғы 25 қарашадағы шешімімен ерлі-зайыптылар арасындағы мүлікті бөлу туралы дау шешілді. Сот 2015 жылғы 17 сәуірде атқару парағын жазды. Атқару парағында қателіктердің болуына байланысты 2018 жылғы 29 маусымда өндіріп алушы түзетілген атқару парағын алды. Ал 2021 жылғы 25 маусымда атқарушылық іс қозғалды. Бұл істе ЖСО-ның атқарушылық іс жүргізуді қозғауына негіз болған жоқ, өйткені мәжбүрлеп орындауға ұсыну мерзімдері аяқталды (6001-22-00-бап/318).

Атқарушылық құжатты «Соттардың атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманың кейбір нормаларын қолдануы туралы» ЖС НҚ орындауға ұсыну мерзімдерін есептеу кезінде қателіктерді жою үшін «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 11-бабы бойынша мерзімдерді есептеу тәртібін түсіндіру қажет. Сондай-ақ

сот орындаушысы борышкердің ерікті түрде орындауға уақыты бар-жоғын тексеруге міндетті.

Көбінесе борышкерлер мұндай мерзімнің оларға берілмегені туралы дәлел келтіреді.

Осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген құжаттарды қоспағанда, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 11-бабының 1-1-тармағына сәйкес, атқарушылық құжаттар сот актісі заңды күшіне енгеннен кейін бес жұмыс күнінен ерте емес мерзімде мәжбүрлеп орындауға ұсынылуы мүмкін.

Көрсетілген мерзімдер міндетті, оларды бұзу атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тартуға әкеп соғады.

Мысалы, 2021 жылғы 1 қазанда нотариус 1 ЖШС-ның пайдасына 2 ЖШС-дан берешекті өндіріп алу туралы атқарушылық жазба жүргізді. Нотариус 2021 жылғы 18 қазанда өндіріп алушыға атқарушылық жазбаны берді, ол сол күні ЖСО-ға орындауға ұсынылды.

ЖСО-ның 2021 жылғы 19 қазандағы қаулысымен атқарушылық іс қозғалды және мәжбүрлеп орындау шаралары қабылданды.

Атқарушылық іс жүргізуді қозғау жөніндегі қаулының күшін жою туралы талаптарды қанағаттандыра отырып, соттар борышкерге атқарушылық жазба талаптарын ерікті түрде орындау үшін мерзім берілмеген деген тұжырымға келді. Мерзім өндіріп алушының қолына атқарушылық жазба берілгеннен кейінгі күннен бастап есептелуге жатады (6001-22-00-бап/276).

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 38-бабында сот орындаушысының құқығы және атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тарту үшін негіздер көзделген.

Сот орындаушысы атқарушылық іс қозғалғанға дейін осы негіздердің бар-жоғын тексеруге міндетті.

Атқарушылық іс жүргізуді қозғаудың заңдылығы не қозғаудан бас тартудың заңдылығы бойынша дауларды шешкен кезде мынадай мән-жайлар тексерілуіне жатады:

- атқарушылық құжаттың заңнама талаптарына сәйкестігі;
- ұсыну мерзімін сақтау (үзіліс мерзімдерін есептей отырып);
- борышкердің тіркелген, тұрғылықты және жұмыс мекенжайы;
- борышкердің тіркелген мүлкінің болуы;
- борышкердің құқықтық мәртебесі (құрылтайшылар құрамы, мемлекеттің қатысуы).

Практикада сот орындаушылары атқарушылық іс жүргізуді қозғаумен қатар бір мезгілде мәжбүрлеп орындау шараларын қолданады.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 5-тарауында мәжбүрлеп орындау шаралары көзделген.

Мәжбүрлеп орындау шараларын қолдану үшін сот орындаушысы өз ісін жүргізуі үшін қабылдаған атқарушылық құжат негіз болып табылады.

Мәжбүрлеп орындау шаралары:

атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларға («Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 32-бабы);

борышкер болып табылатын жеке тұлғаның, заңды тұлға басшысының (міндетін атқарушының) Қазақстан Республикасынан шығуына уақытша шектеуге («Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 33-бабы);

лицензияларды, рұқсаттар мен арнайы құқықтарды беру және қолдану саласындағы уақытша шектеулерге («Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 34-бабы) бөлінген.

Сот орындаушыларының әдетте мынадай қателіктері болады:

- қабылданған шаралардың мөлшерлес еместігі;
- шаралар қабылдау мерзімдерін бұзу;
- қабылданған шаралардың уақтылы емес немесе заңсыз жойылуы.

Нәтижесінде проблемалық мәселелер мен даулар мәжбүрлеп орындау шараларын қолданумен келіспеген кезде де, атқарушылық іс жүргізу аяқталған жағдайда көрсетілген шаралардың күшін жою қажет болған кезде де туындайды.

Мысалы, сот тәртібімен борышкер мәжбүрлеп орындау шараларының күшін жоюға қол жеткізді. ЖСО 2021 жылғы 26 мамырда ЖШС-дан ЖШҚ-ның пайдасына берешекті өндіріп алу туралы атқарушылық іс қозғады. Ал 2021 жылғы 19 тамызда атқарушылық құжат өндіріп алушының өтінішхаты бойынша қайтарылды. Алайда ЖСО мәжбүрлеп орындаудың қабылданған шараларын (мүлікке тыйым салу, шығуды шектеу) жойған жоқ. Соттар мәжбүрлеп орындау шараларын сақтау үшін негіздердің жоқтығын көрсетті (6001-22-00-бап/541).

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 32-бабында борышкердің мүлкін сақтауға бағытталған орындауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар көзделген, соның есебінен кейін атқарушылық құжаттың талаптарын орындау жүргізілуі мүмкін.

Қамтамасыз ету шараларын алып тастау тәртібі Заңның 47-бабымен және Заңның 48-бабының 6-тармағында регламенттелген.

Заңда атқарушылық іс жүргізуді аяқтаудың 2 түрі тоқтату және қайтару көзделген.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 48-бабы 1-тармағына сәйкес, өндіріп алу жүргізілмеген немесе толық көлемде жүргізілмеген атқарушылық құжат сот орындаушысының қаулысы бойынша мына жағдайларда:

- 1) өндіріп алушының арызы бойынша;

2) мүлкін тәркілеу туралы атқарушылық құжатты қоспағанда, егер борышкердің өндіріп алу қолданылуы мүмкін мүлкі, оның ішінде ақшасы, бағалы қағаздары немесе табыстары болмаса және сот орындаушысы оның мүлкін немесе кірістерін анықтау жөнінде қолданған, заңда көзделген барлық шаралар нәтиже бермесе;

3) егер мүліктік емес сипаттағы атқарушылық құжат бойынша заңда көзделген орындау жөніндегі барлық шаралар нәтиже бермесе;

4) егер өндіріп алушы атқарушылық құжатты орындау кезінде борышкердің сатылмаған мүлкін өзінде қалдырудан бас тартса;

5) егер өндіріп алушы жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шотына орындау жөніндегі шығыстарды жабу үшін қажетті аванстық сомаларды енгізуден бас тартса;

6) осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, атқарушылық құжатты орындау кезінде борышкер қатардан шыққан (азамат қайтыс болған, заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, борыш ауысқан) жағдайда, сот орындаушысы өндіріп алушыға құқықтық мирасқорды белгілеу және борышкерді ауыстыру туралы талаппен сотқа жүгіну құқығы туралы түсіндіре отырып, атқарушылық құжатты орындамай қайтарады;

7) борышкер мүлкінің Қазақстан Республикасында болатын жағдайларды қоспағанда, егер атқарушылық құжатты орындау процесінде борышкердің Қазақстан Республикасынан тысқары жерге тұрақты тұруға кеткені анықталса;

8) жеке сот орындаушысынан бас тартуға осы Заңның 54-бабының 1-тармағында көрсетілген негіздер болса, өндіріп алушыға қайтарылады.

Атқарушылық құжаттың қайтарылуы атқарушылық іс жүргізудің аяқталуына әкеп соғады, демек, борышкерге қатысты іс жүзінде қозғалған атқарушылық іс жүргізу жоқ.

Алайда атқарушылық құжатты қайтару орындауды қамтамасыз ету шараларының сөзсіз күшін жоюға әкеп соқпайды. Аталған мәселені шешу кезінде «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 32, 33, 48-баптарының талаптарын мүлтіксіз басшылыққа алу қажет.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 33-бабында шығуға уақытша шектеуді алып тастау негіздері көзделген.

Борышкер болып табылатын жеке тұлғаның, заңды тұлға басшысының (міндетін атқарушының) Қазақстан Республикасынан шығуына уақытша шектеуді алып тастау мынадай:

1) осы Заңның 47-бабында көзделген негіздер бойынша атқарушылық іс жүргізу тоқтатылған;

2) мерзімдік өндіріп алулар туралы атқарушылық іс жүргізулер бойынша берешек болмаған;

3) атқарушылық құжат соттың немесе құжатты берген басқа органның талап етуі бойынша орындалмай қайтарылған;

4) мемлекет пайдасына өндіріп алуларды қоспағанда, өндіріп алушы өтініш берген;

5) басшы заңды тұлғаның жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы) болып табылатын жағдайларды қоспағанда, борышкер болып табылатын заңды тұлғаның басшысы ауысқан;

б) сот орындаушысының атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы қаулысының күші жойылған жағдайларда бір жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

ӘРПК-нің 10-бабының бірінші бөлігіне сәйкес, әкімшілік орган, лауазымды адам әкімшілік қалауды жүзеге асыру кезінде әкімшілік рәсімге қатысушы мен қоғам мүдделерінің әділ теңгерімін қамтамасыз етеді. Бұл ретте әкімшілік акт, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) мөлшерлес, яғни жарамды, қажетті және пропорциялы болуға тиіс.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 31-бабы мәжбүрлеп орындау шараларын қабылдауды регламенттейді. Бұл норма мәжбүрлеу шараларын қолданудың негізі атқару парағы екенін көрсетеді. Ол іс жүргізуінде болмаған жағдайда борышкер мәжбүрлеп орындау шараларының күшін жоюды талап етуге құқылы. Алайда атқару парағын қайтарған кезде шаралар барлық жағдайларда жойылуға жата бермейді.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 99-бабының 1-1-тармағына сәйкес, алиментті өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды орындау ерекшелігіне байланысты қабылданған қамтамасыз ету шаралары алимент және басқа да мерзімді төлемдер бойынша берешек болмаған кезде ғана жойылуға жатады.

Шығуға шектеуді алып тастау үшін осындай талап «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 33-бабында көзделген, оған сәйкес борышкер болып табылатын жеке тұлғаның Қазақстан Республикасынан шығуына уақытша шектеуді алып тастау: мерзімді өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша берешегі болмаған жағдайларда бір жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Мысалы, ЖС ӘІСА аталған бөлікте жергілікті соттардың сот актілерінің күшін жойды. Сот бұйрығымен Н.-дан А.-ның пайдасына кәмелетке толмаған баланы күтіп-бағуға алимент өндіріліп алынды. МСО 2013 жылғы 12 қарашада атқарушылық іс қозғады. МСО-ның 2020 жылғы 21 ақпандағы қаулысымен атқарушылық құжат өндіріп алушыға оның өтініші бойынша қайтарылды. Бұл ретте, атқарушылық құжат қайтарылған күні берешек сомасы 7 230 364 теңгені құрады. Берешек өтелмегендіктен, берешек сомасын айқындау туралы орындалмаған қаулы

бар, жауапкердің қамтамасыз ету шараларының күшін жою үшін құқықтық негіздері болмады. Осыған байланысты жауапкердің аталған шаралардың күшін жоюдан бас тарту жөніндегі әрекеттерін алқа заңды деп таныды (6001-22-00-бап/551).

Осылайша, мәжбүрлеп орындау шаралары берешек болмаған кезде ғана алимент өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша күшін жоюға жатады.

Сот орындаушылары әлеуметтік маңызы бар атқарушылық іс жүргізу (алименттерді, жалақыны және басқа да мерзімді төлемдерді өндіріп алу) бойынша мәжбүрлеп орындау шараларын алу үшін негіздердің болуын толық көлемде тексеруге тиіс.

6.2. Талап қоюды қамтамасыз ету туралы сот актілерін орындау

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 9-бабының 4-1) тармақшасына сәйкес, соттардың талап қоюды қамтамасыз ету немесе талап қоюды қамтамасыз ету шараларының күшін жою туралы ұйғарымдары атқарушылық құжаттар болып табылады.

АПК-нің 156-бабының үшінші бөлігіне сәйкес, талап қоюды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар талап қоюшы мәлімдеген талапқа мөлшерлес болуға және жария мүдделер мен үшінші тұлғалардың мүдделерін бұзбауға тиіс.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 63-бабының 4-тармағында талап қоюды қамтамасыз ету туралы ұйғарымды орындау кезінде сот орындаушысы талап қою талаптарына байланысты мәлімделген талапқа сәйкес барлық мүлікке немесе оның бір бөлігіне тыйым салуды көздейді.

Сот орындаушыларының әдеттегі қателігі және соның салдарынан осы санат бойынша талап қоюлардың негізгі қамтамасыз ету шараларын қабылдау бойынша соттардың ұйғарымдарын орындау кезіндегі мөлшерлестіктің бұзылуы болып табылады.

Іс жүзінде сот орындаушыларына талап қоюды қамтамасыз ету туралы сот ұйғарымы келіп түскен кезде тыйым барлық анықталған мүлікке, банк шоттарындағы ақшалай қаражатқа салынады. Егер осы әрекеттер сот актісінің орындалуын қамтамасыз етсе, олар заңды болып табылады.

Мысалы, АҚ сотқа М.-ға, ЖШС-ға, М.-ға 48 646 369 теңге сомасын өндіріп алу туралы талап қойып, сотқа жүгінді. Талап қоюды қамтамасыз ету мақсатында сот жауапкерлердің мүлкіне талап қою сомасы шегінде тыйым салу туралы ұйғарым қабылдады. Жауапкерлердің банктік шоттарында ақша қаражатының болмауына байланысты сот орындаушысы жауапкерлердің жылжымалы және жылжымайтын мүлкіне тыйым салды. Соттар

ЖСО-ның осы әрекеттерін заңды әрі қабылданған қамтамасыз ету шараларына мөлшерлес деп санады (6001-22-00-бап/133).

Тиісінше атқарушылық құжаттардың осы түрін орындау кезінде сот орындаушысы сот ұйғарымын орындау үшін жеткілікті банктік шоттардағы ақшалай сомалардың бар-жоғын тексеріп, анықтауы керек.

Талап қоюды қамтамасыз ету туралы сот ұйғарымын орындау кезінде инкассалық өкімдер қоюға жол берілмейді.

Борышкерлер көрсетілген даулар санатын қарау кезінде талап қоюды қамтамасыз ету үшін жеткілікті нарықтық құнын көрсете отырып сот орындаушыларына мүліктің тізбесін ұсынады. Алайда ЖСО бағалау туралы ұсынылған есептерді қабылдамайды, өйткені мүлікті сату туралы мәселе қаралмайды, ЖСО соттың тыйым салу туралы талабын ғана орындайды.

Сондай-ақ сот орындаушылары аталған санаттағы істерді қарау кезінде қандай да бір әрекеттер жасаудың мүмкін еместігін көрсетеді, өйткені талап қоюды қамтамасыз ету туралы ұйғарым бойынша атқарушылық іс жүргізу тоқтатылды.

Бұл ретте, сот орындаушысы қабылдаған тыйым салуды қамтамасыз ету шараларының күшін жою туралы қаулы шығаруға заңнамалық тыйым жоқ.

ЖСО банктік шотында (сот ұйғарымында көрсетілген талап қоюды қамтамасыз ету сомасы) ақша қаражатының жеткіліктілігі туралы мәліметтерді ұсынған кезде мүліктен (жылжымалы және жылжымайтын) не қамтамасыз ету сомасынан асатын құны бойынша тыйым салуды өзге де банктік шоттардан алып тастау туралы қаулы шығаруға тиіс.

Атқарушылық іс жүргізу қағидаттарының бірі өндіріп алушының талаптары мен мәжбүрлеп орындау шаралары көлемінің арақатынасы қағидаты болып табылады.

Соттардың талап қоюды қамтамасыз ету туралы ұйғарымдарын орындау кезінде сот орындаушылары сот актісінде тыйым салынған мүлік құнының көрсетілген сомасының мөлшерлестігін тексеруге міндетті.

Ақша қаражаты болмаған жағдайда сот орындаушысы құны сот ұйғарымының орындалуын толық көлемде қамтамасыз ететін мүлікті айқындауға тиіс.

Құны талап қоюды қамтамасыз ету шегінен едәуір асатын мүлікке тыйым салулардың болуы азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарының бұзылуына әкеп соғады.

Қамтамасыз ету шараларын қабылдау туралы сот актілерін орындау тәртібі, сонымен қатар сот орындаушысының іс-қимыл алгоритмін көрсете отырып, «Соттардың атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманың кейбір нормаларын қолдануы туралы» ЖС НҚ-да түсіндіруді талап етеді.

6.3. Борышкердің мүлкіне өндіріп алуды қолдану

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 7-тарауында борышкердің мүлкінен өндіріп алу рәсімі мен тәртібі регламенттелген.

Рәсім мынадай кезеңдерден тұрады:

анықтау;

күзетпен ұстау;

бағалау;

сақтау;

борышкердің мүлкін сату.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 55-бабының 1-тармағы борышкердің мүлкінен өндіріп алу мүлікті алып қоюды және (немесе) оны мәжбүрлеп сатуды не өндіріп алушыға беруді қамтиды.

Атқарушылық іс жүргізудің осы кезеңінің әлеуметтік маңыздылығына байланысты бұл әрекеттер жиі шағымдану нысаны болып табылады.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 68-бабына сәйкес, сот орындаушысы тыйым салынған және мүліктің борышкерге тиесілігі анықталған кезден бастап он жұмыс күні ішінде:

бағалаушының өзін-өзі тағайындауы;

атқарушылық іс жүргізу тараптарының бірінің ұсынысы бойынша бағалаушыны тағайындау;

борышкердің мүлкіне бағалау жүргізу туралы атқарушылық іс жүргізу тараптарының бірінің тапсырмасы арқылы бағалаушыны тағайындау туралы қаулы шығарады.

Борышкердің тыйым салынған мүлкін бағалау жөніндегі қызметке ақы төлеу атқарушылық іс жүргізу тараптарына жүктеледі және кейін борышкердің есебінен өтеледі.

Осы сатыда туындаған дауларды шешу қиындықтар туғызбайды.

Орындаудың осы кезеңіндегі типтік қателіктер:

бағалау туралы қате есепті қабылдау;

аукцион өткізу кезінде рәсімнің бұзылуы;

сауда-саттықты екі реттен артық өткізу болып табылады.

Іс жүзінде борышкер мүлкінің белгілі бір құнымен және өткізілген сауда-саттықпен келіспеу туралы істер ең күрделі іс болып табылады.

Атқарушылық әрекеттер жасау кезінде сот орындаушылары бағалау туралы есептің ұсынылатын қолданылу мерзімін сақтауға тиіс.

Мысалы, атқарушылық іс жүргізу аясында борышкердің пәтеріне тыйым салынды. Ал 2021 жылғы 5 наурызда тыйым салынған мүлікті бағалау жөніндегі маманды тағайындау туралы қаулы шығарылды және

мүліктің нарықтық құны туралы есеп дайындалды. Сот 2021 жылғы 9 сәуірде сот шешімін 2021 жылғы 1 қыркүйекке дейін орындауды кейінге қалдырды.

Оның орындалмауына байланысты 2021 жылғы 7 қазанда ЖСО сату құны 10 778 000 теңгені құрайтын тыйым салынған мүлікті сатуға беру туралы қаулы шығарды. Соттар ЖСО-ның әрекеттерін заңсыз деп таныды, өйткені пәтерді бағалау жүргізілген сәттен бастап (2021 жылғы 5 наурыз) пәтерді сатуға беру туралы даулы қаулы шығарылғанға дейін (2021 жылғы 7 қазан) алты айдан астам уақыт өтті. Тиісінше 2021 жылғы 5 наурыздағы қаулы шығарылған кездегі мүлікті бағалау туралы есепте көрсетілген сома маңызды емес (6001-22-00-бап/100). Алайда барлық жағдайларда бағалау туралы есептің ұсынылатын мерзімі 6 айды құрайды.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 74-бабының 2-тармағына сәйкес, сот орындаушысы мүлікке тыйым салынғаннан және бағалау жүргізілгеннен кейін және мүлік өткізілгенге дейін бір мезгілде бағалау туралы есеппен таныстыра отырып, борышкерге оның жазбаша өтініші бойынша бір айдан аспайтын мерзімде тыйым салынған мүлікті жасалған күнінен бастап бір жылдан аспайтын уақыт өткен бағалау туралы есепте көрсетілген бағалау құнының жетпіс бес пайызынан төмен емес құны бойынша дербес өткізу құқығын береді.

Аталған норма борышкер өзінің дербес іске асыру құқығын жүзеге асырған жағдайларда бағалау туралы есеп қолданысының аса ұзақ мерзімін көздейді.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 68-бабы 3-тармағына сәйкес, бағалаумен келіспейтін атқарушылық іс жүргізу тарабы «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізілген бағалау бойынша қорытынды алу үшін сараптамалық кеңеске өтініш жасай алады не оған Қазақстан Республикасының әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағым жасай алады. Сараптамалық кеңестің теріс қорытындысы не соттың бағалау туралы есепті жарамсыз деп тануы сот орындаушысының жаңа бағалауды тағайындауына негіз болып табылады. Сараптамалық кеңес теріс қорытынды берген жағдайда, тапсырыс беруші бағалау туралы есептің сараптамасы үшін жүргізген төлемді бағалау туралы есепті жасаған бағалаушы немесе бағалаушы еңбек шартын жасасқан заңды тұлға өтейді.

Бұл норманы түсіндіру қиындықтар туғызады және жергілікті соттарда әр түрлі қолданылады.

Бұған дейін ӘРПК қолданысқа енгізілгенге дейін АПК-нің 250-бабының алтыншы бөлігіне сәйкес бағалаумен келіспеген жағдайда сот орындаушысының әрекетіне шағым жасалуға тиіс еді.

Қазіргі уақытта ӘРПҚ-нің қолданысқа енгізілуіне байланысты бағалау туралы есеппен келіспеген жағдайда талап қоюшылар есептің өзі туралы да, сот орындаушысының есепті қабылдау жөніндегі әрекеттерін даулай алады.

Сараптамалық кеңестің бағалау туралы есебінің дұрыстығын тексеру тәртібі «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Заңның 11-бабымен реттеледі.

«Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Заңның 11-бабына сәйкес, бағалау объектісінің бағалау туралы есепте белгіленген нарықтық немесе өзге құны шамасының анықтығы туралы, оның ішінде дәл осы объектіні бағалау туралы қолда бар өзге есепке байланысты да дау болған жағдайда бағалау туралы есептің сараптамасы жүргізілуі мүмкін. Бағалау туралы есептің сараптамасын бағалау жүргізген бағалаушы мүшесі болып табылатын бағалаушылар палатасының сарапшылық кеңесі жүргізеді. Бағалау туралы есептің сараптамасы бағалау жөніндегі есепті даулайтын тапсырыс берушінің және (немесе) үшінші тұлғаның бастамасы бойынша жүргізіледі. Бағалау туралы есептің сараптамасы бағалау туралы есептің сараптамасына бастама жасаған тараптың есебінен жүргізіледі. Бағалау туралы есептің сараптамасы бағалау жөніндегі есепті даулайтын тұлға мен бағалаушылар палатасы арасындағы шарттың негізінде жүргізіледі.

Бағалау туралы есепке шағымданудың өзге тәсілі сотқа жүгіну болып табылады.

Қағидалардың 15, 16-тармақтарына сәйкес, борышкерді және өндіріп алушыны жүргізілген бағалау туралы тиісінше хабардар етпей немесе таныстырмай және оларға бағалау нәтижесіне шағымдануға күнтізбелік он күн бермей, тыйым салынған мүлік электрондық аукционға қойылмайды. Көрсетілген мерзімді есептеу борышкерді және өндіріп алушыны жүргізілген бағалау туралы хабардар еткен немесе таныстырған күннен басталады.

Сот даулы бағалаудың дұрыстығын қалай анықтауы керек деген сұрақ туындайды. Осы орайда өңірлерде әртүрлі практика қалыптасты.

Соттар қабылданған бағалау туралы есептің заңдылығын мынадай тәсілдермен тексереді:

сараптама кеңесіне жібере отырып бағалау туралы есептің сараптамасын тағайындау;

маманды тарту;

бағалау объектісінің құнын дербес анықтау үшін сот - тауар сараптамасын тағайындау;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 519 бұйрығымен бекітілген есепті жасаудың заңдылығын және оның «Жылжымайтын мүлік құнын бағалау» стандарттарына сәйкестігін дербес тексереді.

Мысалы, бағалау туралы есепте даулы мүліктің нарықтық құны 137 170 000 теңге мөлшерінде айқындалды. Соттар есепті қабылдау әрекеттерін заңсыз деп тапты, өйткені борышкер бағалау туралы есеппен таныс емес, бұл оның нәтижелерге шағымдану және даулы мүлікті бағалау туралы балама есеп беру құқығының бұзылуына әкелді. Сондай-ақ бағалаушы бағаланатын мүліктің құрамына дүкен ғимаратына іргелес жатқан үш жер учаскесінің бірін қоспаған, бағалаудың кіріс әдісі қолданылмаған (6001-22-00-бап/237).

Атқарушылық іс жүргізу тараптары ұсынған бағалау туралы есептерді талдау кезінде сот орындаушылары атқарушылық іс жүргізу тараптары құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуі қажет.

Мысалы, ЖСО атқарушылық іс жүргізу шеңберінде борышкерді оның мүлкін бағалау туралы есеп беруге міндеттеді, алайда есепті қабылдаудан бас тартты. Соттар борышкер берген есепті талдай отырып, есеп жылжымайтын мүліктің нақты нарықтық құнын дұрыс көрсететінін анықтады. Бағалау туралы есептің дұрыстығы күмән тудырмайды, өйткені онымен бірге маман бағалаушылар палатасының оның біліктілігі мен мүшелігін растайтын құжаттарды ұсынады. Соттар борышкер ұсынған есепті (6001-22-00-бап/566) қабылдауға міндеттей отырып, ЖСО қабылданған бағалау туралы есепті жарамсыз деп таныды.

ӘРПК-нің 5-бабына сәйкес, әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дауланатын құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтарын мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақтылы шешу болып табылады. Тиісінше сотқа талап қойып шағымдану адамның құқықтарын бұзумен байланысты.

Бағалау туралы есептің құқықтық салдары атқарушылық іс жүргізу тарабы үшін сот орындаушысы атқарушылық әрекеттер жасау үшін осы есепті қабылдаған кезден бастап туындайды.

Осылайша, бағалау туралы есеппен келіспеген жағдайда сот орындаушысының осы есепті қабылдау жөніндегі әрекеттері шағымдануға жатады.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 68-бабының мазмұнын негізге алына отырып, атқарушылық іс жүргізу тарапы бағалаумен келіспеген жағдайда қорғаудың екі тәсілі:

- сараптамалық кеңеске жүгіну;
- сотқа жүгіну көзделген.

Істі қарау барысында сотқа жүгінген кезде сот орындаушысы қабылдаған бағалау туралы есептің заңдылығына құқықтық баға берілуге тиіс.

Сот Бағалаушылар палатасының маманын іске қатысуға тартуға не сот орындаушысы қабылдаған бағалау туралы есепке өз бетінше талдау жүргізуге құқылы.

Істі сараптамалық кеңеске жіберу істі қарау мерзімдерін кешіктіруге әкеп соғады және қабылданған бағалау туралы есеппен келіспейтін тараптың құқығын қорғаудың өзге тәсілін іс жүзінде ауыстырады.

Бұдан басқа, істерді сараптамалық кеңеске жіберу туралы соттың ұйғарымдары орындалмай сотқа қайтарылады, өйткені сараптамалық кеңестің қызметтеріне ақы төленбеген. Сондай-ақ соттардың тауар сараптамасын тағайындауы әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттеріне сәйкес келмейді.

Тыйым салынған мүліктің нарықтық құнын анықтау сот орындаушысының өкілеттігіне кіреді. Тәсілдер «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 68-бабының 1-тармағында айқындалған.

Демек, сот орындаушысының шағымдалған бағалау туралы есепті қабылдау жөніндегі әрекеттері осы есептің заңдылығын тексеру жолымен қаралуға тиіс.

Көрсетілген ұсынымдар «Соттардың атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманың кейбір нормаларын қолдануы туралы» ЖС НҚ-да көрсетілуі қажет.

Мысалы, ЖС ӘІСА жергілікті соттардың ЖСО-ны соттың ұйғарымы бойынша жасалған сарапшының қорытындысын қабылдауға мәжбүрлеу туралы тұжырымдарын негізсіз деп таныды. Жергілікті соттар сот орындаушысының әрекеттеріне шағымдану туралы әкімшілік талап қоюды қарау кезінде сатылатын объектіге тауартанушылық сараптама тағайындады. Кассациялық алқа осы бөлікте сот актілерінің күшін жоя отырып, соттың тауартанушылық сараптаманы тағайындауы әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттеріне сәйкес келмейтінін, істі қарауды кешіктіретінін, артық сот шығындарына алып келетін процесстік негізсіз шешім болып табылатынын анықтады. Тыйым салынған мүліктің нарықтық құнын айқындау жеке сот орындаушысының өкілеттігіне кіреді, ал олардың тәсілдері Заңның 68-бабының 1-тармағында айқындалған.

Бағалау туралы есептің қысқартылып ұсынылатын қолданылу мерзіміне байланысты (6 ай) бағалауды қабылдау жөніндегі әрекеттерге шағымдануды ескере отырып, сот орындаушылары сот істі қарағаннан кейін де қайта бағалау жүргізуге мәжбүр. Көрсетілген әрекеттер борышкерге қосымша шығыстар жүктейді. Бұл өндіріп алушылардың уақтылы орындату туралы құқығын бұзады.

Осыған сүйене отырып, мүлікті мәжбүрлі түрде сату жағдайында бағалау туралы есептің ұсынылатын қолданылу мерзімі бір жылға дейін ұзартылуы керек.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 74-бабының 1, 2-тармақтарына сәйкес, айналымнан заң бойынша тыйым салу негіздеріне қарамастан алып қойылған мүліктен басқа, тыйым салынған мүлікті және осы Заңның 77-бабының 3-тармағында көрсетілген мүлікті қоспағанда, мүліктің түрлерін өткізуді сот орындаушысы электрондық аукцион нысанындағы сауда-саттықта атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің бірыңғай электрондық сауда-саттық алаңында не бірыңғай электрондық сауда-саттық алаңында жүргізеді. Оны таңдау Республикалық палата айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Сот орындаушысы мүлікке тыйым салынғаннан және бағалау жүргізілгеннен кейін және мүлік өткізілгенге дейін бағалау туралы есеппен таныстыра отырып, бір мезгілде борышкерге оның жазбаша өтініші бойынша бір айдан аспайтын мерзімде жасалған күнінен бастап бір жылдан аспайтын бағалау туралы есепте көрсетілген бағалау құнының жетпіс бес пайызынан төмен емес құны бойынша тыйым салынған мүлікті дербес сату құқығын береді. Борышкердің мүлікті өткізуге рұқсат алуы мүлікті өткізу жөніндегі рәсімдерді тоқтата тұруға негіз болып табылмайды. Тұрғын үйді дербес өткізу мерзімі үш айды құрайды, осы мерзім ішінде мүлік сауда-саттыққа шығарыла алмайды. Тыйым салынған мүлікті дербес өткізу құқығын борышкер бір атқарушылық іс жүргізу бойынша бір реттен асырмай пайдалана алады.

Аталған норманы ЖСО қолданады, проблемалық мәселелер туындамайды.

Мысалы, ЖСО жер учаскелерін өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізді. ЖСО борышкердің дербес сату құқығынан бас тартты. ЖСО-ның бұл бас тартуы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның нормаларына сәйкес келмейді деп танылды. Өйткені талап қоюшы кепілге қойылған мүлікті сот орындаушысының жазбаша рұқсатымен және белгіленген мерзімде сот шешімімен белгіленген бағадан төмен емес бағаға сатуға құқылы (6001-22-00-бап/575).

Атқарушылық іс жүргізудің осы сатысы бойынша әкімшілік талап қоюлардың ең көп саны аукцион нәтижелеріне шағымданумен байланысты.

Қағидалардың 14-тармағына сәйкес, тыйым салынған мүлікті электрондық аукционға қою туралы шешімді сот орындаушысы қабылдайды, ол туралы тиісті қаулы шығарылады.

Мысалы, соттар электрондық аукцион қорытындылары туралы хаттаманың күшін жойды, өйткені оған осы атқарушылық іс жүргізуге қатысушы болып табылмайтын сот орындаушысының ЭЦҚ-сы қойылды. Мәселен, істі қарау кезінде мүлікті сатуға бергеннен кейін атқарушылық іс жүргізу басқа ЖСО-ға берілгені анықталды (6001-22-00-бап/156).

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 85-бабының 4-тармағында атқарушылық іс жүргізу шеңберінде тыйым салынған мүлікті электрондық аукцион арқылы өткізу рәсімі екі реттен артық өткізілмейтіні белгіленген. Егер мүлік электрондық аукцион өткізу жолымен өткізілмеген және өндіріп алушы мүлікті өзіне қалдырудан бас тартқан жағдайда, мүлікке өндіріп алуды қолдану тоқтатылады және борышкердің өзге мүлкіне өндіріп алуды қолдану жөнінде одан әрі шаралар қабылданады.

Атқарушылық іс жүргізу шеңберінде тыйым салынған мүлікті электрондық аукцион арқылы өткізу рәсімі екі реттен артық жүргізілмейді.

Егер мүлік электрондық аукцион арқылы өткізілмеген және өндіріп алушы мүлікті өзіне қалдырудан бас тартқан жағдайда, мүлікке өндіріп алуды қолдану тоқтатылады және борышкердің өзге мүлкіне өндіріп алуды қолдану жөнінде одан әрі шаралар қабылданады. Бұл ретте, мұндай мүлікке тыйым салу осы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 47-бабында көзделген негіздер бойынша атқарушылық іс жүргізу тоқтатылғаннан кейін ғана алынады.

Мысалы, халықаралық аралық соттың шешімімен оның орындалу тәртібі мен тәсілі айқындалған, меншік құқығында А. мен Т.-ға тиесілі кепіл мүлкіне өндіріп алуды қолдану тікелей ұйғарылған. Осы шешімді орындау бойынша сауда-саттық 4 рет өткізілді. Соттар тыйым салынған мүлікті сауда-саттыққа бесінші рет беру Заңның нормасын тікелей бұзады деп шешті. Өйткені бұл оның мағынасын екіұшты түсінуді білдірмейді және императивті болып табылады (6001-21-00-бап/5).

Осылайша, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның нормаларын сөзбе-сөз түсіндіруді негізге ала отырып, бір атқарушылық құжаттың талаптарын орындау шеңберінде мүлікті сату бойынша сауда-саттық екі реттен асырылмай жүргізілуі мүмкін.

Бір сот орындаушысының атқарушылық құжатты қайтаруы және кейін басқа сот орындаушысының атқарушылық іс жүргізуді қозғауы сауда-саттықты екі реттен артық өткізу құқығын бермейді. Сондай-ақ атқарушылық іс жүргізу тараптары рәсімнің бұзылуына, қатысушылардың сауда-саттықтың нәтижесіне қызығушылығына сілтеме жасай отырып, сауда-саттыққа шағымданады.

Қағидалардың 20-тармағына сәйкес, адам БЭСА-ға өтінім түскен сәттен бастап электрондық аукционға қатысушы болады.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 80-бабының 2-тармағында сатып алушылар ретінде электрондық аукционға осы атқарушылық іс жүргізу бойынша шешім шығарған сот орындаушылары мен судьялар, тыйым салынған мүлікті бағалаған бағалаушы, сондай-ақ олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы), борышкер қатыса алмайтындығы көзделген.

Көрсетілген тізбе толық болып табылады, кеңінен түсіндіруге жатпайды.

Мысалы, ЖС ӘІСА сауда-саттық заңды деп тани отырып, жергілікті соттардың сот актілерін өзгертті. Алқа сауда-саттықты өткізу кезінде заң бұзушылықтар болмағанын анықтады. Мүлік борышкердің өзі ұсынған құннан асатын бағаға сатылды, қатысушылар арасында байланыс орнаған жоқ, сот шешімі ұзақ уақыт бойы орындалмайды (6001-22-00-бап/658).

Алайда сауда-саттыққа қатысушылардың құнды төмендетуге және сауда-саттықты өткізу рәсімін бұзуға мүдделілігі жарамды және шынайы дәлелдер болған кезде талап қою қанағаттандырылуға жатады.

Мысалы, борышкердің мүлкі сауда орталығы мен тұрғын үй түрінде сатылымға берілді. Сауда-саттықтың жалғыз қатысушылары Х. мен А. бұрын некеде болған, ортақ балалары бар және бір мекенжайда тіркелген. Бұл электрондық аукционның әлеуетті сатып алушылар арасындағы бәсекелестік қағидатын сақтай отырып өткізілгеніне күмән тудырады және олар бастапқы бағаны әдейі төмендеткен. ӘІСА қатысушылар Х. және А. сауда-саттықты өткізу кезінде жосықсыз әрекет еткенін атап өтті (6001-22-00-бап/752).

Осылайша, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 85-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес, электрондық аукцион өткізілмеді деп танылған кезде, өндіріп алушы электрондық аукцион өткізілмеді деп танылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сот орындаушысына өтініш беру арқылы мүлікті бағалау құны бойынша өзінде қалдыруға құқылы. Өндіріп алушының мүлікті өзінде қалдыру туралы өтінішінің болмауы өндіріп алушының мүлікті қабылдаудан бас тартуы деп танылады.

Өндіріп алушы мүлікті қабылдаудан бас тартқан кезде сот орындаушысы тиісті өтінімді бірыңғай электрондық сауда-саттық алаңына қайта орналастыру жолымен электрондық аукцион рәсімін бедгідейді.

АК-нің 319-бабының 5-тармағына сәйкес, қатысқан сатып алушы екеуден аз болуы себепті сауда жасалмайтыны жарияланған жағдайда кепіл ұстаушы кепілге салынған мүлікті бағалаушы жасаған бағалау туралы есеп негізінде сот шешімімен белгіленген немесе сенім білдірілген тұлға белгілеген ағымдағы бағалау құны бойынша өз меншігіне аударуға не жаңадан сауда белгілеуді талап етуге құқылы.

Азаматтық кодекстің 319-бабының және «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 85-бабының мазмұны бойынша сот орындаушысы кепілге алынған мүлікті өз меншігіне өндіріп алу құқығын пайдаланғысы келетін-келмейтінін кепіл ұстаушыдан білуге міндетті.

Бұл рәсімді өткізу кезінде орындалатын әрекеттердің ашықтығы маңызды. Борышкер өндіріп алушының мүлікті өз меншігінде қалдыру ниеті туралы тиісті түрде хабардар етілуі керек.

Сондай-ақ сауда-саттықты ұйымдастырушы (алаң) бұқаралық ақпарат құралдарында және қатысушылардың ең көп санын тарту үшін мүлікті сату жөніндегі басқа да интернет платформаларда өткізілетін сауда-саттық туралы хабарлау үшін шаралар қабылдауға міндетті.

6.4. Алимент өндіріп алу туралы актілерді орындау

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 2-параграфы алимент өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды орындау тәртібін реттейді.

Алимент өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды орындау кезінде сот орындаушылары жіберетін әдеттегі қателер:

атқарушылық құжатты орындау кезінде әрекетсіздік таныту (нақты шаралар қолдамау);

алимент бойынша берешекті дұрыс есептемеу;

ай сайынғы төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелердің орындалуын/орындалмауын қате бағалау болып табылады.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 99-бабына сәйкес, алимент төлемдерін жалақыдан немесе өзге де табыстардан үш ай бойы өндіріп алу мүмкін болмаған жағдайда сот орындаушысы берешекті айқындау туралы қаулы шығарады және осы Заңның 32-бабына сәйкес атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету шараларын қолданады және осы Заңның 61-бабына сәйкес өндіріп алуды қолдануға болмайтын мүлікті қоспағанда, борышкердің мүлкіне өндіріп алуды қолданады.

Алименттер бойынша берешек мөлшерін сот орындаушысы өндіріп алу жүргізілмеген уақыт ішінде борышкер алатын нақты жалақыны (кірісті) не өндіріп алушының таңдауы бойынша айқындау сәтінде алған берешекті негізге ала отырып, шешім орындалатын жерде белгілейді. Егер борышкер бұл кезеңде жұмыс істемеген немесе оның жалақысын және өзге де кірісін растайтын құжаттар ұсынылмаған жағдайда, алимент бойынша берешек оны өндіріп алу кезінде Қазақстан Республикасындағы орташа айлық жалақы мөлшері негізге ала отырып айқындалады.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңмен және «Кәмелетке толмаған балаларды асырап-бағуға алимент ұсталатын жалақының және (немесе) өзге де кіріс түрлерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 372 бұйрығымен алимент өндіріп алынатын кіріс түрлерінің толық тізбесі айқындалған.

Мәселен, аталған тізбенің 7, 11-тармақтары алимент төлеуге міндетті ата-ананың кірістеріне біржолғы сипаттағы емес азаматтық-құқықтық шарттар бойынша жұмыстарды орындағаны, көрсетілген қызметтер үшін алынған кірістер; заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысудан түскен кірістер жатады.

Осы санат бойынша сот орындаушысының берешекті анықтау жөніндегі әрекеттері жиі дауланады, мұнда дара кәсіпкерлер мен ЖШС құрылтайшылары өздерінің еңбек қызметінің түрі бойынша борышкерлер болып табылады.

Сот орындаушылары үшін борышкерлердің көрсетілген санаттары бойынша берешекті айқындау аса проблемалы мәселе болып табылады. Сондықтан сот орындаушылары алимент бойынша берешекті айқындау кезінде жиі қателіктер жібереді.

Мысалы, ЖСО алимент бойынша берешекті анықтады, есеп Қазақстан Республикасындағы орташа айлық жалақыдан жүргізілді. Борышкер есеппен келіспей, жалақы туралы анықтамалар мен жұмысқа орналасу туралы құжаттарды ұсынды. Алайда ЖСО бұл құжаттарды қабылдамады. Борышкер сотқа шағыммен жүгінді. Соттар ұсынылған жалақы туралы анықтама есебінен алимент бойынша берешекті айқындау бөлігінде талап қоюды қанағаттандырудан бас тарта отырып, талап қоюшы ұсынған құжаттарда сот отырысында жойылмаған қайшылықтар бар деген тұжырымға келді. Мәселен, борышкер сотқа қызмет көрсету туралы шарт, бұйрықтан үзінді көшірме, жалақы және басқа да кірістер туралы анықтама берді. Сот борышкердің жұмысқа қабылдануы қызмет көрсету туралы шарт негізінде ресімделгенін анықтады, ал жалақы туралы анықтамадан бұл құжат еңбек шарты негізінде жазылғандығы, яғни ұсынылған құжаттарда қайшылықтар бар екендігі байқалады. Бұл жағдайда сот орындаушысы көрсетілген анықтаманы негізге ала отырып, алимент бойынша берешекті анықтаудан заңды түрде бас тартты (6001-22-00-бап/584).

Сондай-ақ борышкерлердің келіспеушілігі сот орындаушыларының алимент төлеуді растау ретінде өндіріп алушының шоттарына ақша сомаларын аудару туралы түбіртектерді қабылдамауымен байланысты.

Алимент бойынша берешекті айқындауға және есептеуге байланысты дауларды қарау кезінде алимент бойынша берешекті айқындау бойынша сот орындаушысының әрекеттерінің заңдылығына құқықтық баға берген жөн.

Көрсетілген даулар санатын қарау кезінде күтіп-бағуға алимент мәжбүрлі түрде өндіріп алынған кәмелетке толмаған балалардың мүдделерін ескеру қажет.

ЖСО алимент төлеу бойынша міндеттемелердің орындалу дәлелдемелерін бағалау кезінде мыналарды:

ақшалай сомалардың түсу көзін (алимент төлеуші не үшінші тұлға);
сомалардың түсу жиілігі мен жүйелілігін;

аударылған сомалардың бірдей мөлшерін;
ата-аналар арасында өзге ақшалай міндеттемелердің болуын
(кредиттік міндеттемелер, борыштық міндеттемелер және т. б.);
борышкердің кірістеріне аударылатын сомалардың мөлшерлестігін
ескеруі қажет.

Мысалы, сот бұйрығымен кәмелетке толмаған балаларды асырап-бағуға алимент өндіріліп алынды. Бұған дейін сот бұйрығы 2016 жылғы наурыз - 2019 жылғы сәуір кезеңіндегі берешекті анықтаған МСО-ның орындауында болатын. ЖСО 2021 жылғы қазанда атқарушылық іс қозғады, ол 2019 жылғы 3 сәуір - 2021 жылғы 3 қыркүйек кезеңіндегі берешекті бұрын белгіленген берешек сомасын қоса отырып айқындады.

ЖС ӘІСА қазіргі уақытта айқындалған берешекті ғана емес, бұған дейін МСО талап қоюшының оны өтемеуіне байланысты айқындаған барлық берешекті ЖСО негізді ескергенін атап көрсетті. Бұл жауапкердің заңда белгіленген үш жылдық мерзімнен асып кеткенін көрсетпейді. Осыған байланысты ЖСО-ның мерзімдерді бұзғандығы туралы бірінші және апелляциялық сатыдағы соттардың тұжырымдары қате болып табылады (6001-22-00-бап/1035).

Сот орындаушылары борышкерлер ұсынған құжаттарды, олардың жалақысын мұқият тексерулері керек.

Нақты берешекті белгілеу және есептеу әкімшілік істі қарау шегіне кірмейді. Берешекті айқындау туралы қаулыларға шағымданған кезде сот орындаушысының дұрыс есептеуі тексерілуі керек. Сот ЖСО функцияларын өз мойнына алмауға және берешектің дұрыс сомасын дербес есептеуге тиіс.

6.5. Атқарушылық әрекеттер жасау жөніндегі шығыстар және оларды өтеу

Жеке сот орындаушысы өз қызметін дербес қаржыландырады.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 3-бабының 7) тармақшасына сәйкес, атқарушылық іс жүргізу атқарушылық құжатты мәжбүрлеп орындату жөніндегі шығыстарды борышкердің есебінен өтеу қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 114-бабына сәйкес, атқарушылық әрекеттер жасау жөніндегі шығыстар борышкерден осы шығындарды шеккен адамдардың немесе ұйымдардың пайдасына өндіріліп алынады.

Борышкер атқарушылық әрекеттер жасау жөніндегі шығыстарды өндіріп алу туралы сот орындаушысының қаулысын даулау туралы арыз жазып және оны өндіріп алудың мерзімін кейінге қалдыру немесе мерзімін ұзарту туралы, оның көлемін азайту немесе өндіріп алудан босату туралы

талап қойып, сотқа жүгінуге құқылы. («Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 114-бабының 5-тармағы).

Орындаудың осы сатысы бойынша талап қоюдың ең көп тараған негіздері:

қызметке ақы төлеу сомасын дұрыс есептемеу;
іс жүзінде жұмсалған шығыстарды дұрыс есептемеу;
атқарушылық іс жүргізу шеңберінен тыс қызметке ақы төлеу сомасын бекіту болып табылады.

Қаулының күшін жоюға мұндай қызығушылық атқарушылық құжаттарға сонымен қатар:

- орындаушылық санкцияны өндіріп алу туралы қаулы;
- сот орындаушысының атқарушылық әрекеттер жасау кезінде шеккен шығыстарды өтеу туралы қаулысы;
- жеке сот орындаушысының оның қызметіне ақы төлеу сомасын бекіту туралы қаулысы жататындығына байланысты.

Төлем болмаған жағдайда мұның соңы мәжбүрлеп орындау шараларын қолдана отырып атқарушылық іс жүргізуді қозғауға әкеп соғады.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 118-бабына сәйкес, жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, атқарушылық іс жүргізу шеңберінде борышкердің қаражаты есебінен жүргізіледі және он мың айлық есептік көрсеткіштен аспайтын шекті мөлшерін белгілей отырып, істердің санаты мен өндіріп алу сомасына қарай үштен жиырма бес пайызға дейінгі мөлшерде белгіленеді.

Атқарушылық іс жүргізу бойынша шығыстарды есептеу әдістемесін уәкілетті орган бекітеді.

Іс жүзінде төлем сот орындаушысын айналып өткен, бірақ қозғалған атқарушылық іс жүргізу шеңберінде жүргізілген жағдайлар кездеседі.

Атқарушылық құжаттың талаптарын орындаудың еріктілігі туралы дау туындаған кезде мынадай:

атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы борышкерге тиісінше хабарлау;

сот орындаушысы қабылдаған мәжбүрлеп орындау шаралары (ақшалай қаражатқа, мүлікке және т.б. тыйым салу);

атқарушылық құжаттың мәжбүрлеп орындауда болу кезеңі туралы мән-жайларды тексеру қажет.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның нормаларын сөзбе-сөз түсіндіруге байланысты орындауға ұсыну ерікті түрде орындауға ниеттің жоқтығын білдіреді.

Сот орындаушысының қызметіне және атқарушылық әрекеттер жасау жөніндегі шығыстарға ақы төлеу борышкердің адал еместігінің салдары болып табылады.

Атқарушылық іс жүргізу кезеңінде атқарушылық құжат талаптарын орындау борышкердің сот орындаушысы көрсеткен қызметтердің және атқарушылық әрекеттер жасау жөніндегі шығыстардың ақысын төлеу міндетіне орындауға әкеп соғады.

Борышкердің жеке сот орындаушысын айналып өтіп атқарушылық құжатты орындауы оны жеке сот орындаушысының іс жүзінде шеккен атқару шығыстарына ақы төлеуден және қызметіне ақы төлеуден босатпайды.

Мысалы, мүліктік емес сипаттағы талаптардың ерікті түрде орындалғанын растау үшін (әлеуметтік желіден борышкердің жеке деректерін жою туралы) борышкер бейнежазбаларды ұсынды. Алайда, атқарушылық іс қозғалғанға дейін мұндай дәлелдемелер ұсынылмады. Атқарушылық іс жүргізу жіберілген атқарушылық парақ негізінде қозғалды. ЖСО атқару парағының іс жүзінде орындалғандығын қозғалған атқарушылық іс жүргізу шеңберінде тіркеді (6001-22-00-бап/612).

Атқарушылық іс қозғалғанға дейін сот актісінің ерікті түрде орындалуы жарамды және шынайы дәлелдемелермен расталуға тиіс.

Сондай-ақ даулар сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу бойынша келтірілген шығыстарды өтеу тәртібі бөлігінде, тиісті органның шешімі жойылған жағдайда туындайды. Оның негізінде атқарушылық іс жүргізу тоқтатылғаннан кейін атқарушылық құжат беріледі.

Даулардың осы санатын қарау кезінде мынадай:

атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы борышкерді тиісінше хабардар ету және оны атқарушылық іс жүргізу материалдарымен таныстыру;

атқарушылық іс жүргізу қозғалған күн, оның тоқтатылған күні және оның негізінде атқарушылық құжат берілген тиісті органның шешімі жойылған күн;

сот орындаушысына шешімнің күшін жою не борышкердің тиісті қарсылық бергені туралы тиісті хабарлама жөніндегі мән-жайлар тексерілуге жатады.

Тиісті шешім нақты орындалып, атқарушылық іс жүргізу тоқтатылғаннан кейін күшін жойған жағдайда борышкер сот шешімінің орындалуын бұру туралы өтінішпен (егер атқару парағы сот актісінің негізінде жазылып берілсе) не келтірілген залалды өндіріп алу туралы азаматтық тәртіппен талап қойып, сотқа жүгінуге құқылы. Бұл ретте, атқарушылық іс жүргізу бойынша өндіріп алушы жауапкер ретінде әрекет етеді.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 48-бабының 6-тармағына сәйкес, мәжбүрлеп орындату шараларының, егер өндіріп алушы орындау бойынша іс жүзінде келтірілген шығыстарды өтесе және жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу жүргізілсе күші жойылуға жатады.

Сондай-ақ даулар аталған шығыстарды өндіріп алу тәртібі бойынша туындайды. Көп жағдайда өндіріп алушылар құжаттық растаудың жоқтығын көрсете отырып, іс жүзінде жұмсалған шығыстардың келтірілген есебімен келіспейді.

Мысалы, өндіріп алушы атқарушылық құжатты ол толық орындалғанға дейін кері қайтарып алды, атқарушылық іс жүргізу аяқталды. Алайда, ЖСО өндіріп алушының толық сомасы есебінен оның қызметіне ақы төлеу сомасын бекітті. Бұл қаулыны соттар заңсыз деп танып, күшін жойды (6001-22-00-бап/219).

ЖСО бірнеше атқарушылық іс жүргізу бойынша осыған ұқсас жағдайға жол берді. Мәселен, ЖСО-ның іс жүргізуінде банктің пайдасына сомаларды өндіріп алу туралы 32 атқарушылық құжат болды. Барлық атқарушылық құжаттарды өндіріп алушы кері қайтарып алды. Бұл ретте ЖСО атқарушылық құжаттар бойынша берешек сомасының 10%, 15%, 20% мөлшерінде өз қызметіне ақы төлеу сомасын бекітті. Барлық қаулылар заңсыз деп танылды (6001-22-00-бап/371).

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 119-бабына сәйкес, атқарушылық іс жүргізу қозғалғанға дейін өндіріп алушы жеке сот орындаушысының нұсқауы бойынша өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шотқа атқарушылық әрекеттерді жүзеге асыру үшін қажетті соманы енгізуге міндетті. Атқарушылық іс жүргізу қозғалған кезде жеке сот орындаушысы өндіріп алушы үшін осы соманы енгізудің кешірек мерзімін тағайындай алады. Егер атқарушылық іс жүргізу барысында өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шотқа енгізілген қаражат атқарушылық әрекеттерді одан әрі жүргізу үшін жеткіліксіз болып шықса, онда өндіріп алушы жеке сот орындаушысының нұсқауы бойынша көрсетілген ағымдағы шотқа қосымша соманы енгізуге міндетті.

Осы орайда ЖСО-ның көрсеткен қызметі үшін ең төменгі төлем мөлшерін енгізу ұсынылады.

6.6. Сот орындаушыларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану туралы өзге де даулар

Сондай-ақ даулар:

- бастапқы сату құнын белгілей отырып, мүлікке өндіріп алу қолдану туралы сот шешімдерін орындау;
- борышкерлер тізіліміне қосу және одан шығару мәселесі бойынша туындайды.

«Ипотека туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 21-бабының 3-тармағына сәйкес, ипотека шарты бойынша кепілге берілген

жылжымайтын мүліктен айыппұл өндіріп алу туралы шешім қабылдаған кезде сот мыналарды анықтап, шешімінде көрсетуге тиіс.

«Соттардың атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманың кейбір нормаларын қолдануы туралы» ЖС НҚ-ның 12-тармағына сәйкес, сот бастапқы сату бағасын белгілеген кепілге салынған мүлікті өндіріп алу туралы соттың заңды күшіне енген шешімі болған кезде, соттың осы шешімін орындау шеңберінде қайта бағалау жүргізу талап етілмейді. Мұндай талап қоюларды ӘРПК-нің 138-бабы екінші бөлігінің 12) тармақшасына сәйкес қайтару керек. Өйткені борышкерлер сот белгілеген құн бойынша мүлікті өткізу жөніндегі ЖСО әрекеттеріне ӘРПК шеңберінде шағымданады.

Соттардың бастапқы сату құнын белгілей отырып, кепіл мүлкіне өндіріп алуды қолдану туралы шешімді орындау барысында бағалауды тағайындау қажеттілігі туралы даулар туындайды.

Атқарушылық іс жүргізу тараптары, әдетте, сот шешімі шығарылған күннен бастап айтарлықтай уақыт өткенін, сот айқындаған құн өзекті емес болып табылатынын және мүлікті төмен бағамен сату атқарушылық іс жүргізу тараптары құқықтарының бұзылуына әкеп соқтыратынын уәждейді.

Алайда АПК-нің 21-бабы заңды күшіне енген сот актілерінің барлығы үшін міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында орындалуға жатады.

АПК-нің 241-бабының төртінші бөлігі бойынша атқару құжатында шешімнің қарар бөлігі (сөзбе-сөз) көрсетілуге тиіс.

Осылайша, сот шешімі оның мәтініне қатаң сәйкес орындалуға жатады.

Тиісінше қайта бағалау жүргізуге негіздер мен қажеттілік жоқ.

Сонымен қатар мүліктің нарықтық құнының жылдам өзгеруін ескере отырып, бірқатар азаматтық соттар мүлікке өндіріп алуды қолдану туралы шешім шығарған кезде нақты оның құнын көрсетпейді, бірақ мәжбүрлеп сату кезінде мүлікті ЖСО айқындаған нарықтық құны бойынша өткізу қажеттілігі туралы көрсетеді. Біз бұл практиканы тараптардың мүдделеріне барынша сәйкес келеді деп санаймыз.

Аталған ұсынысты іске асыру үшін «Соттардың атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманың кейбір нормаларын қолдануы туралы туралы» ЖС НҚ-ға өзгерістер енгізу қажет.

Сондай-ақ борышкерлер атқарушылық іс жүргізу бойынша әкімшілік талап қоюларды борышкерлер тізіліміне енгізу/шығару мәселелерін ұсынады.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 36-бабына сәйкес, уәкілетті орган атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындау жөніндегі міндеттерді жүзеге асыру үшін Борышкерлердің бірыңғай тізілімін жүргізеді. Борышкерлер туралы мәліметтер уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында

орналастырылады. Борышкерлердің бірыңғай тізілімі атқарушылық іс жүргізу жөніндегі автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы қалыптастырылады және жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі тізілімді қалыптастыруға және жүргізуге жауапты уәкілетті орган болып табылады.

Бұл ретте Борышкерлердің бірыңғай тізілімі атқарушылық іс жүргізу жөніндегі автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы қалыптастырылады және жүргізіледі.

Атқарушылық іс жүргізу бойынша үш айдан астам мерзімдік өндіріп алу туралы берешегі жоқ борышкерлер бойынша, сондай-ақ талап қоюды қамтамасыз ету шараларын қабылдау және күшін жою туралы атқарушылық құжаттар бойынша мәліметтерді қоспағанда, Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді сот орындаушылары атқарушылық іс жүргізу қозғалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жібереді.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 36-бабының 2-тармағында мәліметтер:

- борышкердің тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда) не борышкер ұйымның атауын;

- атқарушылық құжатты берген органды, берілген күнін және борышкердің орындалмаған міндетінің мазмұнын;

- көрсетілген мәліметтерді жіберетін сот орындаушысының тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда) және аумақтық бөлімнің атауы мен мекенжайын немесе жеке сот орындаушысы кеңсесінің мекенжайын қамтитындығы көзделген.

Борышкерді Борышкерлердің бірыңғай тізілімінен шығару:

1) атқарушылық іс жүргізу тоқтатылғаннан кейін;

2) мерзімді өндіріп алулар туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша берешек болмаған кезде;

3) «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 48-бабында көзделген негіздер бойынша атқарушылық іс жүргізу аяқталғаннан кейін, ол атқарушылық құжаттың талаптарын орындаған кезде жүргізіледі.

Мысалы, ЖСО-ның іс жүргізуінде өндіріп алушының анасы мен оның бірге тұратын ұлының (борышкер) кездесу уақытын белгілеу туралы атқарушылық іс жүргізу болды. Атқарушылық іс қозғалған кезде ЖСО талап қоюшының деректерін Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізді. Борышкер ЖСО-ның оны Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізу жөніндегі әрекеттеріне шағымданды. Сот талап қоюды қанағаттандырудан бас тартты. Мәселен, ЖСО-да борышкерді тізілімнен шығаруға негіз болмаған, өйткені орындау жүргізілмеді, атқарушылық құжат қайтарылды. Соттар үшінші тұлғалардың Бірыңғай тізілімде орналастырылған оның жеке және отбасылық құпиясы туралы мәліметтерге еркін қол жеткізуін

шектеу қажеттігі туралы дәлелдерді қабылдамады. Борышкерлердің бірыңғай тізілімінің деректерін талдаудан сот актісінің мазмұны және талап қоюшының орындалмаған міндеті туралы қандай да бір мәліметтер, кәмелетке толмаған баланың деректері тізілімде жоқ екені байқалды (6001-22-00-бап/76).

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы**



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ
СОТЫНЫҢ БЮЛЛЕТЕНІ**
ресми басылым

БЮЛЛЕТЕНЬ
ВЕРХОВНОГО СУДА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
официальное издание

Басуға 11.08.2023 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x84 ¹/₈. Қаріп түрі “Times New Roman”
Офсеттік басылым. Таралымы 1 598 дана. Тапсырыс № 810.

Подписано в печать 11.08.2023 г.
Формат 60x84 ¹/₈. Шрифт “Times New Roman”
Печать офсетная. Тираж 1 598 экз. Заказ № 810.

«Big Dream» ЖШС баспаханасында басылды.
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, К.Байсейітова көшесі, 114/2.
Тел.: 37-70-74